



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі қауым!

Сіздерді Солтүстік Қазақстан облысының құрылғанына 90 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Осы уақыт ішінде Қызылжар өңірі дамудың даңғыл жолынан өтіп, шежірелі өлкеге айналды. Қазіргі таңда Солтүстік Қазақстан еліміздің астықты аймағының бірі саналады. Дикандарымыз егіншілік кәсіптің қыр-сырын менгеріп, мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор еңбек сіңіріп жүр. Аймақта ауыл шаруашылығымен қатар өңдеу өнеркәсібі, машина жасау салалары қарқынды дамып келеді. Инвестициялық жобалар қолға алынып, өндіріс орындары іске қосылды. Мұның бәрі халықтың тұрмысын жақсартып, өңірдің одан әрі өркендеуіне ықпал ететіні анық.

Бұл өңірде күрделі кезеңде ел бірлігін сақтап, даналық пен көрегендік символына айналған әйгілі Абылай ханның ізі қалған. Солтүстік Қазақстаннан халқымызға, сондай-ақ бүкіл әлемге танымал мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәдениет пен әдебиет саласының аса көрнекті өкілдері, еңбек ардагерлері, көптеген құрметті тұлғалар, әйгілі спортшылар мен құқық қорғау саласының білікті мамандары шықты.

Біз біртұтас әрі жасампаз ел ретінде ауқымды өзгерістерді табысты жүзеге асырып жатырмыз. Таяуда ғана ұлт дамуының темірқазығы саналатын Жаңа Конституциямыз заңды күшіне енді. Бас құжатта халқымыздың сан ғасырлық арман-мұраты мен келешекке бағдар болатын мызғымас құндылықтары нақты көрініс тапты.

Ата Занды қабылдауға аймақ жұртшылығы да белсене қатысып, ауызбіршілік пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Облыста түрлі этнос өкілдері өзара құрмет пен достық дәстүрін сақтап, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Берекелі өңір барлық жетістікке азаматтардың жасампаздық қуатының арқасында қол жеткізіп келеді. Сіздер алдағы уақытта да ел игілігін еселеуге атсалыса бересіздер деп сенемін.

Баршаңызға амандық, толағай табыс тілеймін!

Солтүстік Қазақстан облысы өсіп-өркендей берсін!

ҚОРҒАНЫС ТІРЕГІ – ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА



Жаңа тәртіп бойынша азаматтық дәрігерлер сарбаздарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде, медициналық комиссия шеңберінде қарайды. Басқа жағдайларда әскери қызметтен босатылғанша, бұл ер-азаматтардың денсаулығы погонды «ақхалаттылардың» білімі мен біліктілігіне, жауапкершілігі мен қамқорлығына байланысты. Сондықтан қоғам белсенділері, сарапшылар әскерді дәрігермен жете қамту үшін оларды азаматтық университеттер мен колледждерде қосымша даярлау туралы бастама көтерген.

→ 5

КЕЛЕШЕГІ МОЛ КЕНІШТЕР

Қазақстанның ішкі электр және жылу генерациясының 68-70 пайызы осы саланың иелегінде. Өндіріс те, экспорт та тұрақты, тіпті Ұлттық статистика бюросының дерегінше, былтыр Нидерланды, Малайзия секілді елдер қазақ көмірін сатып алуды арттырды. Көмірдің ел тіршілігіндегі маңызы жойылмайды, себебі Мемлекет басшысы бұған дейін «таза көмір» идеясын ұсынды, соның негізінде Үкімет 2030 жылға дейінгі «Көмір генерациясын дамыту» ұлттық жобасын әзірледі.

→ 6



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты және «Құрмет» орденінің иегері Ардақ Әмірқұловтың дүниеден өтуіне байланысты марқұмның туған-туыстарына көңіл айтты.

— Ардақ Әмірқұлов бар саналы ғұмырын кино өнеріне арнап, ұлт мәдениетін ұлықтауға мол үлес қосты. Кәсіби киногер ретінде «Отырардың күйреуі», «Абай», «Қош бол, Гүлсары!» сияқты тарихи туындыларды таспалап, төл руханиятымыздың алтын қорын байыта білді. Қазақ кинематографиясын өркендету жолында ұстаздық қызмет атқарып, дарынды шәкірттер тәрбиеледі. Соңына рухани мол мұра қалдырған Ардақ Әмірқұловтың иманы саламат, жаны жәннатта болсын, — деп жазылған жеделхатта.

АВТОПОЛИС: АРТЫҚ ТӨЛЕМГЕ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ



Ranking.kz дерегінше, 2026 жылдың қаңтар-мамырында сақтандыру компаниялары міндетті сақтандыру бойынша 64,7 млрд теңге сыйлықақы жинаған. Бұл бір жыл бұрынғыдан 17,2%-ға көп. Бірақ осы кезеңдегі сақтандыру төлемдері одан да жылдам 18,7%-ға өсіп, 50,2 млрд теңгеге жеткен.

→ 8

САЯСАТ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ЕҢБЕК АДАМЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ ҰСЫНДЫ

«Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай бастаған республикалық сайлауалды штабы Шымкент қаласындағы коммуналдық кәсіпорындардың еңбек ұжымы мен медицина қызметкерлерімен кездесті.



Ашық диалогтың негізгі тақырыбы — еңбек адамының мәртебесін арттыру, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, «Таза Қазақстан» жобасын дамыту, тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру.

Коммуналдық сала қызметкерлерімен кездесуді ашқан партия Төрағасы Айбек Дәдебай ел дамуының басты қозғаушы

күші — еңбек адамы екенін атап өтті. Оның айтуынша, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды күшейту және заманауи инфрақұрылымды дамыту партияның сайлауалды бағдарламасындағы негізгі бағыттың бірі болып қала береді. Кездесуде көтерілген мәселелердің бір бөлігі коммуналдық сала қызметкерлерін әлеуметтік қорғауға арналды.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Павлодар облысы Аққулы ауданының орталығында Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) кандидаты Роза Жүсіпова жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді. Іс-шара ЖСДП белсенділерінің, жақтастарының және жергілікті жұртшылық өкілдерінің қатысуымен ашық диалог форматында ұйымдастырылды.



Кездесу барысында кандидат ЖСДП сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын кеңінен таныстырып, әлеуметтік әділеттілік, сапалы медицинаның қолжетімділігі, ауылдық аймақтарды шынайы дамыту және еңбек азаматтарының құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше тоқталды.

Аққулы ауданының тұрғындары талқылауға белсене қатысып, ауыл халқын толғандырып отырған бірқатар өзекті түйткілді ортаға салды. ЖСДП өкілімен кездесу барысында тұрғындардан түскен барлық өтініш, аманаттар мен ұсыныстар егжей-тегжейлі тіркелді.

БІРНЕШЕ САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Байтақ» жасылдар партиясынан Құрылтай сайлауына кандидат Сәуле Қамытбекова Астанадағы Center Concrete темір-бетон бұйымдары зауыты мен Integrate Clinic медициналық орталығының ұжымымен жүздесті.



Алғашқы кездесу құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорында өтті. Жиында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылып, құрылыс саласына энергия үнемдейтін технология енгізу, экологиялық қауіпсіз материал және отандық өндірісті қолдау мәселесі талқыланды.

Бұдан соң Сәуле Қамытбекова Integrate Clinic медициналық орталығына барды. Мұнда да партияның экологиялық

платформасы жайлы айтылды. Қоршаған ортаның адам денсаулығына әсері, экологиялық қауіпсіздікті күшейту және профилактикалық бағыттағы бастамалар жайлы талқыланды.

Медицина қызметкерлері де ұсыныспікірін ортаға салды. Дәрігерлерді алаңдатқан түйткілдер қатарында жас мамандарды қолдау, қолжетімді тұрғын үй, біліктілікті арттыру мүмкіндігін жетілдіру мәселелері болды.

ЕЛ БАЙЛЫҒЫ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Қазақстан Халық партиясының сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында Теміртау қаласындағы №7 кітапханада еңбек ұжымымен кездесу өтті.



Кездесуге Құрылтай депутаттығына кандидат Қаюмов Дамир Ирекұлы және Қазақстан Халық партиясы Қарағанды облыстық филиалы Жастар қанатының өкілі Алтынмұрат Төлеген Нұрланұлы қатысты.

Кездесу барысында қатысушыларға Қазақстан Халық партиясының «Ел байлығы – халық игілігіне!» атты сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары мен басымдықтары таныстырылды. Бағдарламада мәдениет пен білім саласын қолдау,

еңбек адамының мәртебесін арттыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар кеңінен түсіндірілді.

Іс-шара ашық диалог форматында өтіп, кітапхана қызметкерлері өз ұсыныстары мен пікірлерін ортаға салды. Қатысушыларды толғандырған сұрақтарға жан-жақты жауаптар беріліп, пікір алмасу жүргізілді.

САЯСАТ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

АЗАМАТТАРДЫҢ ТЕҢ ҚҰҚЫҒЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шығыс Қазақстан облысында «Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтуғанов бастаған Құрылтай депутаттығына кандидаттар Фарид Әбітаев, Захира Бегалиева және София Абдуразақова инклюзивті қауымдастық өкілдерімен, мүгедектігі бар азаматтармен және ерекше балалардың ата-аналарымен кездесті.

Партия төрағасы Қайрат Айтуғанов инклюзияның қайырымдылық емес, әр азаматтың тең құқығы мен мемлекеттік маңызы бар мәселе екенін атап өтті. Оның айтуынша, мемлекеттік қызметтер бюрократияға емес, адамның нақты қажеттіліктеріне негізделуге тиіс.

Кездесуде кандидат Фарид Әбітаев өңірдегі «Будем жить!» сияқты инклюзивті жобалардың маңызына тоқталса, кандидат Захира Бегалиева



мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту мен экономикалық дербестігін арттыру қажеттілігін сөз етті. Кандидат София Абдуразақова мен

өзге де қатысушылар инклюзивті қоғамды дамыту мен мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңыздылығына тоқталды.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ПІКІРІН ТЫҢДАДЫ

Сайлауалды үгіт-насихат науқаны аясында «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Дания Еспаева бастаған Республикалық штаб мүшелері Алматы облысы Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылының тұрғындарымен кездесу өткізді.

Басқосу барысында партия өкілдері «Ақ жол» демократиялық партиясы сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарын таныстырып, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты басты бастамалары мен ұстанымдарын ортаға салды.

Шағын және орта бизнесті дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысын арттыру, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсарту, сондай-ақ сапалы білім мен медицина-ның қолжетімділігін қамтамасыз ету



бағытындағы жоспарлар жан-жақты талқыланды.

Жүздесуде ауыл тұрғындары өз ойларын еркін білдіріп, елді мекенге ортақ түйткілді мәселелерді көтерді.

Республикалық штаб мүшелері жұртшылықтың сауалдарына тұщымды жауап беріп, көтерілген тақырыптар бойынша партияның нақты ұстанымын жеткізді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Respublica партиясы төрағасының орынбасары – Орталық аппараттың басшысы Жанат Исаков ТМД Парламентаралық Ассамблеясының Демократияны дамыту мониторингінің халықаралық институты мен ТМД байқаушылар миссиясының өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында Жанат Исаков партия қызметінің негізгі бағыттары, жастармен, партия жақтастарымен және кадр резервінің мүшелерімен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып берді. Сондай-ақ Respublica-ның негізгі жобалары – POLITIQ саяси көшбасшылық мектебі, кадр резерві және «Шешімдер фабрикасы» жобалары таныстырылды.

Кездесуде сайлау науқанына дайындық, Республикалық сайлауалды штабтың жұмысы және үгіт-насихат жұмы-



сының негізгі бағыттары, соның ішінде цифрлық платформалар мен әлеуметтік

желілерді пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Абай облысының Үржар ауданында алғаш рет ұйымдастырылған Bal Fest Urjar – 2026 фестивалі өңірдің омарта шаруашылығына жаңа серпін берді.

ӨҢІР БРЕНДІНЕ ЖОЛ АШТЫ

Тарбағатай тауының баурайы ежелден табиғи өсімдіктерге бай, экологиялық таза аймақ ретінде белгілі. Әсіресе сан алуан балды өсімдіктердің мол қоры ара шаруашылығын дамытуға ерекше мүмкіндік жасап келеді. Соның нәтижесінде Үржар балы жоғары сапасы, қайталанбас дәмі мен табиғи тазалығының арқасында еліміздің әр өңірінде сұранысқа ие өнімдердің біріне айналды. Осы әлеуетті одан әрі дамыту, омарта шаруашылығын ғылыми негізде жетілдіру және өңірлік брендті қалыптастыру мақсатында Үржар ауданында алғаш рет Bal Fest Urjar – 2026 фестивалі ұйымдастырылды. Ауқымды шара омарташылардың тәжірибе алмасуына, ғылым мен өндірісті ұштастыруға және табиғи бал өнімдерін кенінен насихаттауға бағытталды.

Фестивальдың маңызды бөлігінің бірі — омарта шаруашылығын дамытуға арналған ғылыми-практикалық конференция болды. Жиынға Алматы қаласындағы «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның ғылыми қызметкерлері қатысып, аудан омарташыларымен өзара пікір алмасып, саланың өзекті мәселелерін талқылады. Конференция барысында ара ауруларының алдын алу, оларды диагностикалау мен бақылау, ветеринариялық қауіпсіздікті күшейту, омарта шаруашылығын ғылыми негізде дамыту және заманауи технологияларды өндіріске енгізу мәселелері жан-жақты сөз болды. Мамандар омарташыларға тәжірибелік ұсыныстар беріп, өндірістігі тиімді тәсілдермен бөлісті.

Мұндай кездесулер жергілікті омарташылардың кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, ғылым жетістіктерін өндіріске енгізуге жол ашады. Бұл өз кезегінде Үржар ауданындағы ара шаруашылығының өнімділігін арттырып, бал өндірісінің сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Фестиваль аясында аудан және өңір омарташылары өздерінің табиғи өнімдерін көпшілік назарына ұсынып, арнайы ұйымдастырылған көрмеде балдың түрлі сұрыптарын таныстырды. Қазылар алқасы өнімнің сапасы, табиғилығы, дәмдік ерекшелігі мен омарташының кәсіби тәжірибесін бағалай отырып, үздік қатысушыларды бірнеше аталым бойынша анықтады.

«Жас омарташы» аталымы Көлденең ауылының тұрғыны Валентина Божкоға табысталды. «Ардагер омарташы» аталымының жеңімпазы көп жылдан бері осы кәсіппен айналысып келе жатқан Көлденең ауылының тұрғыны Шәкіржан Баиянов болды. «Үздік бал өнімі» аталымында Барқытбал ауылының омарташысы Гүлайым Оспанова үздік деп танылса, «Үздік бал» аталымын Көкөзек ауылының омарташысы Пётр Хрулёв иеленді. Ал фестивальдың ен жоғары марапаты — «2026 жылдың үздік омарташысы» атағы Мақаншы ауданының тәжірибелі омарташысы Виталий Тырышкинге берілді. Bal Fest Urjar — 2026 фестивалі өңірдегі омарта шаруашылығының әлеуетін кеңінен танытып қана қойған жоқ. Ол ғылым, өндіріс және кәсіпкерліктің өзара байланысын нығайтып, табиғи бал өндірісін дамытуға, омарташылардың еңбегін дәріптеуге және Үржар балын ұлттық бренд ретінде қалыптастыруға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін арттыру, өңірлік брендтерді дамыту және экологиялық таза өнім өндірісін қолдау мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Үржарда бастау алған Bal Fest Urjar фестивалі тек мерекелік шара емес, ауыл экономикасын әртараптандыруға, кәсіпкерлерді қолдауға және отандық балдың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған маңызды бастама ретінде бағаланады.

Табиғаттың мол сыйын тиімді пайдаланып, ғылыми жаңашылдықпен ұштастыра білген Үржар омарташылары алдағы уақытта да өңірдің ғана емес, Қазақстанның бал өндірісіндегі жетекші күштердің біріне айналуға толық мүмкіндікке ие.

Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

БАҒДАР

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



«ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?»

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен;



www.gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

**Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде алғаш рет 23 тамызда жаңа бір палаталы Құрылтай депутаттарының сайлауы өтеді. Құрылтайдың жаңа құрамы жасақталғаннан кейін мемлекеттік басқарудың жаңартылған моделі толық көлемде жұмыс істей бастайды.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысатын саяси партиялардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары шілденің 23-і күні басталды. Сайлауалды науқан 22 тамыз күні түнгі сағат 00:00-ге дейін жалғасады. Бір палаталы Құрылтай депутаттарын сайлау жалпыхалықтық референдумнан кейін басталған саяси реформалардың қорытынды кезеңі болмақ.

Құрылтайдың алғашқы шақырылымының құрамын анықтау үшін сайлауға қатысатын азамат өзінің дауыс беру құқығының қандай екенін алдын ала білгені абзал. Ол үшін 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының әрбір азаматы сайлаушылар тізіміне енгізілгенін тексеріп, сайлау учаскесінің мекенжайын анықтап, қалай дауыс беруге болатынын білуге тиіс. Сонымен қатар үйде дауыс беру құқығын кімдер пайдаланатынын және мүгедектігі бар адамдар үшін сайлау учаскелерінде қандай жағдай жасалғанын білу де маңызды.

Астана қаласының сайлауға дайындығы, сайлау комиссияларының жұмысы, сайлаушылар тізімін қалыптастыру және дауыс беру тәртібі туралы қалалық Астана аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Бейсембай Жұмабеков айтып берді. Оның айтуынша, Астана қаласында 520 сайлау учаскесі жұмыс істейді.

— Астана тұрғындары ең алдымен өздерінің сайлаушылар тізіміне енгізілгенін және қай сайлау учаскесінде дауыс беретінін алдын ала тексеруі қажет. Дауыс беру 23 тамыз күні жергілікті уақыт бойынша таңғы сағат 7-ден кешкі сағат 8-ге дейін өтеді. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы міндетті. Қазір барлық сайлау учаскелері дауыс беруді ұйымдастыруға толық дайын. Сайлау заңнамасына сәйкес, сайлауға қатысу құқығы 18 жасқа толған қабілеттілігі шектелмеген Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі. Сайлау жалпы, бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі. Азаматтардың сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. 23 тамыз күні сайлаушы сайлау учаскесіне жеке басын куәландыратын құжатпен келуі керек. Дауыс беру кезінде азаматтың жеке өзі дауыс беруі қамтамасыз етіледі. Басқа адамның орнына дауыс беруге жол берілмейді. Сондықтан азаматтар сайлау учаскесіне бармас бұрын үш нәрсені ұғып алуы керек. Бірінші, сайлаушылар тізіміндегі деректерді тексеру, учаскенің орналасқан жерін білу, дауыс беру тәртібімен танысу ұсынылады, — деді Бейсембай Жұмабеков.

Астана аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Бейсембай Жұмабековтің айтуынша, азаматтар ол ақпаратты әртүрлі тәсіл арқылы біле алады. Мысалы, азаматтар ресми веб-қызмет арқылы, telegram чатботы арқылы. iKotek бірыңғай

байланыс орталығы арқылы 109 нөміріне қоңырау шалу арқылы ақпарат алуына болады. Сайлаушылардың тізімі азаматтардың тұрғылықты жері бойынша қалыптастырылады.

— Егер азамат тіркелген мекенжайында тұрмайтын болса немесе тұрақты тіркеуі болмаса, ол сайлау заңнамасында белгіленген тәртіппен сайлаушылар тізіміне енгізу мәселесін алдын ала шешуі қажет. Сондай-ақ азамат өзінің нақты тұратын жері бойынша дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін учаскелік сайлау комиссиясына немесе жергілікті атқарушы органға белгіленген тәртіппен жүгінуі қажет. Азаматтар сайлау күніне дейін өз деректерінің сайлаушылар тізімінде бар-жоғын тексеріп алғаны дұрыс. Бұл — ең бастысы. Өйткені көп азаматтар сол күні келеді де уақыт алады, — деді ол.

Сайлау туралы заңнамаға сәйкес, дауыс беру күніне он бес күн қалғанда, яғни 2026 жылғы 7 тамыздан бастап, учаскелік сайлау комиссиялары азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған учаскелердің сайлаушылар тізімін танысу және ондағы мәліметтерді тексеру үшін ұсынады. Осы сәттен бастап әрбір сайлаушы өзінің дербес мәліметтерінің дұрыстығын тексере алады және қажет болған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен оларды нақтылау немесе тиісті өзгерістер енгізу үшін учаскелік сайлау комиссиясына жүгіне алады. Дауыс беру күні уақытша немесе шектеулі жағдайда болатын азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында арнайы шаралар қарастырылады. Мәселен, Астанада сайлаушы денсаулығына байланысты немесе басқа да дәлелді себептер бойынша сайлау учаскесіне өз бетінше келе алмайтын болса, ол үшін де арнайы шара қабылданған. Бейсембай Жұмабековтің айтуынша, мұндай жағдайда сайлаушының өтініші негізінде сайлаушының дауыс беруі оның тұрғылықты жерінде ұйымдастырылады. Сонымен қатар 403 сайлау учаскесінде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін барлық жағдай жасалған.

Жалпы айтқанда, Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы сайлаудың әрбір азамат үшін қолжетімді болуына ерекше көңіл бөліп отырғаны байқалады. Алдын ала есептеу бойынша, Бейсембай Жұмабеков астана тұрғындарының 1 миллион 14 мың 817-сі дауыс беруге құқығы бар азаматтар ретінде тізімге кіргенін және бұл тізім толықтай сайлау учаскелерінің барлығына берілгенін айтты. Сондай-ақ Астана қаласынан биыл 18 жасқа толған, бірінші рет дауыс беруге құқылы болып отырған азаматтар саны — 10,663. Ал сайлау болатын 23 тамыз күні қала бойынша 58 азамат 18 жасқа толады екен. Бұлар тізімге енген азаматтар болса, Астанада ресми статистика бойынша жалпы сайлауға қатысуға құқығы бар 100 мыңнан астам жастар бар.

СУ ЖҮЙЕЛЕРІН ЖАҢҒЫРТУҒА 1,4 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Президенттің заңсыз иемденілген активтерді қайтару және оларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін пайдалану жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Ақмола облысында сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің құрылысы жүргізілуде. Арнаулы мемлекеттік қордан Үкімет осы мақсаттарға 1,4 млрд теңге бөлді.

Бұл қаражат Бурабай ауданы мен Щучинск қаласында төрт инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру үшін қарастырылған. Атап айтқанда, Бурабай ауданы Қатаркөл көлінің жанындағы балаларды сауықтыру орталықтарының су құбыры желілері жаңғыртылмақ. Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту мекемелерге коммуналдық қызмет көрсетудің сапасын арттыруға және маусымдық жүктеме кезеңінде олардың толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Бөлінген қаражаттың келесі бір бөлігі Щучинск қаласындағы сумен жабдықтау және су

бұру жүйелерін кешенді түрде жаңартуға жұмсалады. Атап айтқанда, магистральды су құбыры желілерінің төртінші кезегін салу және реконструкциялау, су бұру нысандары мен желілерін жөндеу, сондай-ақ кварталдар ішінде кәріз тарту жоспарлануда.

Жобаларды жүзеге асыру желілердің апаттылығын төмендетеді. Сонымен қатар судың қажетті көлемін беру және ағынды суларды бұру жүйеге жаңа тұрғын үйлерді, әлеуметтік және туристік нысандарды қосуға мүмкіндік береді, сондай-ақ өңірге инвестиция тарту үшін де жағдай жасайды.

Бұл шаралар, жалпы алғанда, Щучинск қаласы мен Бурабай ауданын одан әрі дамыту үшін коммуналдық тұрғыда заманауи негіз қалыптастырады. Жаңа және реконструкциядан өткен желілер тұрғындардың, әлеуметтік мекемелердің және балаларды сауықтыру орталықтарының жағдайын жақсартады, сондай-ақ жаңа нысандар салу үшін қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етеді.

ҚАЛҚАН

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Майдан даласында минаға жарылып, оққа ұшып, жараланған жауынгерлерге жан ұшыра ұмтылып, жәрдем беретін бірден-бір жан – әскери дәрігер. Бейбіт күнде оның қажеті жоқтай көрінеді. Шынында, сарбаздар әлдеқалай уланса, ауырса, мерткісе, дәл осы маман көмекке келеді. Яғни адамды ажалдан арашалап қалуға болатын «алтын сағат» соның қолында. Демек, әскерге алынған арыстың денсаулығын жоғалтпай, мүгедекке айналмай, үйіне аман оралуы соған да байланысты. Ал осы маман тапшылығы мәселесі қалай шешілмек?

САРБАЗ ӨМІРІНІҢ САҚШЫСЫ

Қазақстанда әскери дәрігерлердің жетіспеушілігі байқалады. Жана тәртіп бойынша азаматтық дәрігерлер сарбаздарды мерзімді әскери қызметке шақыру кезінде, медициналық комиссия шеңберінде қарайды. Басқа жағдайларда әскери қызметтен босатылғанша, бұл ер-азаматтардың денсаулығы погонды «ақ халаттылардың» білімі мен біліктілігіне, жауапкершілігі мен қамқорлығына байланысты. Сондықтан қоғам белсенділері, сарапшылар әскерді дәрігермен жете қамту үшін оларды азаматтық университеттер мен колледждерде қосымша даярлау туралы бастама көтерген.

Геосаяси ахуал құбылып, әлем аумалы-төкпелі кезеңге киіккен тұста мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыру, сондай-ақ түрлі төтенше жағдайдың алдын алуға сақдай сай болу аса маңызды. Осы орайда қоғам қайраткері, заңгер Ғалиаскар Төлендіұлы әскери-дала жағдайына жан-жақты бейімделген білікті медицина кадрларын даярлайтын тұрақты жүйе құру стратегиялық қажеттілік екенін қадап айтты.

— Мемлекетімізде әскери дәрігерлерді даярлау Ұлттық қорғаныс университеті және әскери инс-

коптеп даярлау стратегиялық мәнге ие болды. Осыған байланысты жоғары медициналық колледж базасында әскери фельдшерлер даярлайтын мамандандырылған бөлімше ашу мүмкіндігін қарастырған жөн, — деді Ғ.Төлендіұлы.

ҚОРҒАНЫС ТІРЕГІ – ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА

Оның пікірінше, колледждің ұстаздар құрамы мен әдістемелік базасы жаңа білім беру бағдарламасын іске асырумен бірге, әскери медицинаның ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру стандарттарын оқу жүйесіне енгізуге толық мүмкіндігі бар. Мұның сыртында соңғы жылдары медициналық колледждерге түсетін ер балалар саны тұрақты өсу үстінде. Бұл контингент әскери фельдшерлерді даярлауда қызмет талаптарына бейімделген кәсіби құзыреттерін дамытуға, тәртіп пен физикалық даярлық деңгейін арттыруға, сондай-ақ әскери-медициналық бөлімдерге ынталы кадрлар тартуға мүмкіндік берер еді.

циналық оқу орны мен колледж айналысады. Оларда білім алушылар контингенті 30 мың адамнан асады. Ал жыл сайын «Емдеу ісі» мамандығын «Фельдшер» біліктілігі бойынша 10 мыңнан астам маман оқу бітіреді.

Орта медициналық персонал мамандықтары үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы 2026 жылы 37 329 орынды құрады. Салыстырғанда, 2024 жылы 30 991, 2025 жылы 35 892 грант берілген еді. Яғни жыл сайын артып келеді. Медициналық колледждерге 2024 жылы 37 213 адам, 2025 жылы 36 132 адам оқуға қабылдана, 2026 жылы бұл көрсеткіш 38 мың адамға жеткен.

— Орта медициналық персоналды әскери жауынгерлік даярлау Қарулы Күштердің әскери бөлімшелерінің күнделікті жауынгерлік даярлығы шеңберінде жүзеге асырылады. Бұдан басқа, қосымша білім беру шеңберінде орта медициналық персонал Қорғаныс министрлігінің Әскери медицина орталығының базасында біліктілікті арттыру курстарынан өтіп тұрады. Біліктілікті арттыру курстары кәсіби деңгейін көтеру, медициналық көмек көрсетудің жаңа дағдыларын меңгеру мақсатында орта буын мамандарын даярлауға бағытталған. 2023 жылы — 257, 2024 жылы — 284, 2025 жылы 259 медициналық персонал біліктілікті арттыру курстарынан өтті, — деп хабарлады Премьер-министр.

Жалпы, О.Бектеновтің пайымдауынша, ведомствоаралық үйлестірудің қолданыстағы жүйесі Қарулы Күштердің қажеттіліктеріне сай медициналық колледждерде орта медициналық персоналды даярлауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Әскер 2024 жылы 87, 2025 жылы 64 орта медициналық персоналмен жасакталды. 2026 жыл ішінде тағы 90 адам алу жоспарланыпты.

Атап өтетін жайт, бұдан бөлек, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, оның ішінде медициналық университеттердің әскери кафедраларында даярлықтан өткен запастағы сержанттарды әскери қызметке шақыру мәселелерін заңнамалық тұрғыдан реттеу жоспарланып отыр. Бұл міндет жаңа Парламенттің — Құрылтайдың мойнына жүктелмек.

ЕРТЕНҒЕ СЕНІМ,
БОЛАШАҚҚА МІНДЕТ

Осы апта соңында екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштерінің әскери институтын бітірген медициналық қызмет офицерлеріне алғашқы офицерлік атақ беру рәсімі өтті. Быыл алғашқы 12 интерн-түлек офицерлік атақ алды. Оқуын аяқтаған жас офицерлерге Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты мен Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің дипломдары қоса табысталды. Бұл олардың әскери және жоғары медициналық білімді қатар меңгергенін растайды.

— Оқу барысында алғашқы медициналық, дәрігерге дейінгі және мамандандырылған медициналық көмек көрсету негіздерін меңгердік. Менің «жалпы әскери практика дәрігері» мамандығым бойынша оқу мерзімі 6 жылды құрайды. Соның ішінде 5 жылдық бакалавриат бағдарламасын аяқтадым. Алда 1 жылдық интернатура кезеңі күтіп тұр, — деді салтанатты рәсімде түлек, лейтенант Бекжан Әміров.

Ол генерал дәрежесіне дейін жеткен ақ халатты болғысы келетінін жасырмады. Медициналық қызмет офицерлерінің алғашқы легі 2020 жылы оқуды бітірген болатын. Сол жылы 15 әскери дәрігер алғашқы офицерлік атаққа ие болды. 2021 жылы институт 23 маманды даярлап шығарса, биыл «жалпы практика дәрігері» мамандығы бойынша білім алған 12 түлек офицер погонын тақты.

Оқу орнын жаңа ғана төмамдаған, Отанға және Гиппократқа қатар ант берген жас офицерлер ендігі кезекте бейбіт күнде де, ок пен оттын ортасында да сарбаздардың денсаулығы мен өміріне жауап беріп, осы қасиетті борышты адал атқаруға өз мойнына міндеттеме алды. Олар әскерді сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз етіп, сарбаздардың сау күйде сап түзеп жүруін басты назарда ұстайды. Бұл міндет әскери бөлімнің тыныш қабырғасындағы тұрақты тірлікте де, далалық жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде де бір сәтке тоқтамауға тиіс.

Тарихқа шолу жасасак, 1992 жылғы 8 шілдеде Қарулы Күштердің Бас штабының Әскери-

медициналық басқармасы құрылған екен. Бұл күн тәуелсіз Қазақстанның әскери медицина жүйесінің бастауына айналды. Бүгінде бұл қызмет мамандары әскерлердің жауынгерлік даярлығын, оқу-жаттығуларды, жұмылдыру жиындарын және Қарулы Күштердің басқа да іс-шараларын медициналық қамтамасыз етеді. Сондай-ақ елімізден тыс жерлерде де өз міндеттерін абыроймен атқарады. Әскери дәрігерлер қазақстандық бітімгерлік контингент құрамында Голан жоталарында әскери қызметшілерге, қажет болған жағдайда жергілікті тұрғындарға да медициналық көмек көрсетіп жүр.

Қорғаныс министрлігінің мәліметіне жүгінісек, әскери медицина жыл санап дамып келеді. Оның құрамына 8 әскери госпиталь, 4 лазарет, Орталық әскери-дәрігерлік комиссия, санитариялық-эпидемиологиялық бөлімшелер және медициналық білім беру ұйымдары кіреді.

Әскери медицина инфрақұрылымын жандандыруға да баса мән берілген. Ақмола облысының Щучинск қаласында Қорғаныс министрлігінің Бас әскери клиникалық госпиталі базасында ауыр сырқаттардан және жаракаттардан кейін әскери қызметшілерді оңалтуға арналған бөлімше ашылды. Астана мен Алматыдағы әскери госпиталдарды реконструкциялау және техникалық жаңғырту жұмыстары жалғасты. Семей қаласындағы әскери госпитальға күрделі жөндеу аяқталуға жақын. Сонымен қатар Ақтауда әскери теңізшілерге арналған госпиталь ашу және Алматы қаласында Әскери медицина академиясын құру бағытындағы жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Әскери-медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға көңіл бөлінеді. Соңғы жылдары олар заманауи диагностикалық және хирургиялық жабдықтармен, оның ішінде компьютерлік томографтармен, цифрлық рентгенологиялық кешендермен, ультратыңақтық диагностика аппараттарымен және эндоскопиялық жүйелермен жабдықталған.

Жыл сайын әскери-медициналық мекемелерде бірнеше мың әскери қызметші ауруханаға жатып, ем алады. Тәжірибелі әскери дәрігерлер жоғары білікті медициналық көмек көрсетіп, күрделі хирургиялық операциялар жасайды. Бірақ, әрине әскери дәрігердің еңбегі көп жағдайда көзге көріне бермейді. Сарапшылар олардың жалақысының аздығына да назар аудартып жүр.

Әскери медицинаны дамытудың жаңа, өзекті міндеттері де күн тәртібінде тұр. Атап айтқанда, дамыған елдердегі сияқты вакуумдық терапияны қолдана отырып ми-жарылыс жаракаттарын емдеу, санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды жетілдіру, магистралды қан тамырлары жаракаттарын емдеудің заманауи тәсілдерін енгізу, мүгедек болған әскери қызметшілерді медициналық оңалту және басқа мәселелер бар.

Әскери медицинаға көңіл бөлу — денсаулық сақтау саласына ғана емес, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғанысына маңыз беру. Өйткені кез келген армияның қуаты қару-жарақпен ғана емес, сын сағатта адам өмірін сақтап қала алатын кәсіби мамандарымен де өлшенеді.

Елдос СЕНБАЙ

Әскери медицинаға көңіл бөлу – денсаулық сақтау саласына ғана емес, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғанысына маңыз беру.

титуттар базасында жүйелі түрде іске асырылады. Әскери медицина академиясын құру бағытында жұмыстар байқалады. Әскери медициналық білім беру жүйесін кезең-кезеңімен дамытуға мемлекет ерекше назар аударып отыр. Бірақ енді әскери медицина саласындағы медициналық алғашқы көмектің негізгі орта буын мамандарын — әскери фельдшерлерді даярлауды белсенді қолға алу маңызды деп санаймын, — деді ол.

Сарапшының пікірінше, әскери дәрігерлер мен әскери фельдшерлерді даярлау өзара тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыратын бірыңғай жүйе ретінде қарастырылуға тиіс. Бұл әскери-медициналық жүйенің тұрақтылығын, жедел әрекет ету қабілетін және еліміздің заманауи сын-көтерлерге дайындығын қамтамасыз етеді.

— Қазақстанда әскери-медициналық салада орта буын мамандарын даярлау өзара тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыратын бірыңғай жүйе ретінде қарастырылуға тиіс. Бұл әскери-медициналық жүйенің тұрақтылығын, жедел әрекет ету қабілетін және еліміздің заманауи сын-көтерлерге дайындығын қамтамасыз етеді.

ҮКІМЕТ ҰСТАНЫМЫ
ҚАНДАЙ?

Ресми мәлімет бойынша қазір Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың орта медициналық персоналмен жасакталуы шамамен 90%-ды құрайды. Үкімет басшысы Олжас Бектенов депутаттардың, сарапшылардың колледждердің әскери дәрігерлерді даярлауына рұқсат ету туралы бастамасы қабылданбағанын хабарлады. Себебі армияны жасактау үшін бүгінде азаматтық медициналық білім беру мекемелерін, соның ішінде колледждерді бітірген, арнайы әскери даярлығы жоқ мамандармен де келісімшартқа отырып, әскери қызметке ерікті негізде қабылдау жүзеге асырыла бастапты.

Елімізде орта буын медицина мамандарын даярлаумен 78 меди-



ӘЛЕУЕТ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Көпке елеусіз көрінер, әйтсе де еліміздің бір ғана көмір өнеркәсібі ұлттық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп отыр. Сондықтан көмір кеніштерін халықтың келешегін қорғайтын индустрия бөлшегі ретінде бағаласа болғандай. Мәселен, Қазақстанның ішкі электр және жылу генерациясының 68-70 пайызы осы саланың иелегінде. Өндіріс те, экспорт та тұрақты, тіпті Ұлттық статистика бюросының дерегінше, былтыр Нидерланды, Малайзия секілді елдер қазақ көмірін сатып алуды арттырды. Көмірдің ел тіршілігіндегі маңызы жойылмайды, себебі Мемлекет басшысы бұған дейін «таза көмір» идеясын ұсынды, соның негізінде Үкімет 2030 жылға дейінгі «Көмір генерациясын дамыту» ұлттық жобасын әзірледі. Осыны ескеріп, саланың әлеуетін жан-жақты талдауды жөн санадық.

Келешегі

А Мадияр ТӨЛЕУ

**ӨНДІРІСТІҢ
ӨРКЕНДЕГЕН ШАҒЫ**

Кейінгі 10 жылдан астам уақыт бойы Қазақстан жылдық көмір өндіру көлемін 102-118 млн тонна аралығында ұстап отыр. Демек, өндірісті қалыпты деп бағалауға болады. Өндіріс 2010-2012 жылдары қатты жанданды, жаһандық дағдарыстың беті қайтып, Ресей мен Украина тарапының сұранысы артты, ақыры еліміз жылдық өндірісі 120 млн тоннаға таяды. 2013-2016 жылдары Ресейде газдың үлесі артып, кей электр стансалары көмірден бас тартқанда Қазақстан өндірісті 102-105 млн тоннаға төмендетті. Дегенмен 2017-2022 жылдары өз нарығымыздың сұранысы артып, Азия мен Еуропа энергияға тапшы бола бастаған соң қайта 118 млн тоннадан асырды. Ал кейінгі 3 жыл бойы жылдық өндіріс 105-112 млн тонна арасында тұр.

Жалпы, елдегі көмір өндірісі негізгі 4 кен орнына тиесілі: Екібастұз көмір бассейні (жалпы өндірістің 55-60 пайызын алады), Қарағанды көмір бассейні (10-12%), Шұбаркөл кен орны (10-12%) және Қаражыра кен орны (7-8 пайыз). Майкүбенің де деңгейі Қаражырамен шамалас. Осының ішінде ең сапалысы әрі күлі азы — Шұбаркөл, жылуы да жоғары.

Еліміздегі жалпы өндірістің 80%-дан астам үлесі «Богатырь Көмір», ERG, Qatmet және «Қаражыра» сияқты саусақпен санарлық ірі өнеркәсіптік топтардың қолында тұрғанын айта кетейік. Дегенмен осы көмір өндіруші кәсіпорындар республикалық және жергілікті бюджеттерді толықтыратын ірі донорлар саналады, елдегі ең үлкен 100 салық төлеуші компанияның қатарына енген. Жыл сайын жүздеген млрд теңге қазынаға құяды. Себепсіз емес, олар пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты, корпоративтік табыс салығын, қосылған құн салығын және ішкі һәм сыртқа нарықтан тапқан пайдасынан ақы төлейді.

ЭКСПОРТТЫҢ ЕЛЕУЛІ ТҰСЫ

Кейінгі жылдары жаһанда геосаяси ахуалдар ушықты, түрлі шектеулер енді, басқа жолдар ашылды. Соның әсерінен еліміздің көмір экспорты да қайта құрылымдалды. Сауда министрлігінің дерегінше, жыл сайын өндірілетін көмірдің 25-35 миллион тоннасы сыртқы нарықтарға бағыттталып келеді. Алайда баға

ЖЕҢІШТЕР



Елдар КАБА (коллаж)

құбылмалы болғаннан кейін табыс та түрленіп тұрады. 2022 жылы Еуропада энергетикалық дағдарыс болды. Сол уақытта «қара алтынның» бір тоннасының бағасы 300-400 долларға жеткен еді. Қазақстан сол жылы 946 млн долларға (39 млн тонна) көмір экспорттаған. Бұны саладағы ең табысты кезеңге балаймыз.

Қалай алғанда да, Қазақстан көмірін негізгі сатып алушы ел — Ресей. Жыл сайынғы экспорттың 20-30 пайызын алады. Әсіресе Екібастұз көмірінің тұтынушысы, оны Урал өңіріндегі Троицк және Рефтинский МАЭС-теріне жеткізеді. Бұдан кейін Еуропалық Одақ елдері — Польша, Латвия, Эстония, Германия, Түркия. 2022 жылы ЕО Ресей көміріне эмбарго салды, осы кезде Қазақстан кәрі құрлыққа премиум сападағы Шұбаркөл мен Қаражыраны жеткізуді бастады. Бұл бағытқа кететін көлем экспорттың 45-50 пайызын алады.

Әйтсе де, мәселе жок емес, 2025 жылдың басында ЕО-ның 16-пакет санкциялары аясында Ресей порттары арқылы транзитке шектеу қойылды. Еуропаға экспорт уақытша тоқырады. Абырой болғанда, Қазақстанның Сауда министрлігі мен Сыртқы істер министрлігі жұмыла жүріп, ЕО-ның 18-пакеті аясында тек қазақстандық шығу тегі бар көмірге Усть-Луга сияқты Ресей порттары арқылы транзитке мүмкіндік алды.

Келесі бағыт — Орталық Азия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдері. Өзбектер Қазақстан көмірін алуды арттырды, қазір

жалпы экспорттың 5 пайызын иемденген. Сол сияқты Қырғызстан да Орталық Азиядағы негізгі тұрақты серіктес. Қытай және Азия-Тынық мұхиты өңірі, Үндістан мен Малайзияны да ұмыт қалдыруға болмайды. Бірақ жолды тағы баға деген түсінік бөгейді. Мысалы, жырақтағы Еуропа немесе Үндістанға 100 млн доллардың көмірін экспорттадық делік. Соның шамамен 60 млн доллары теміржол мен логистиканың шығынына кетеді. Бір ғана көңілге медет болатыны, елімізде өндірудің өзіндік құны төмен.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Көмір өнеркәсібі еліміздің бүтін индустриялық және энергетикалық жүйесінің іргетасы болып отырғанын айттық. Сондықтан экономикалық әсері орасан, жалпы ішкі өнімдегі үлесі мол. Мысалы, көмірдің жалпы ішкі өнімдегі тікелей үлесі шамамен 1,5-2 пайызды құрайды. Бірақ жанама әсері барын ескеріп, көмірге тәуелді салаларды — электр және жылу энергиясын өндіру, металлургия, теміржол тасымалы қосқанда, сектордың ықпалы 10 пайызға артады. Өнеркәсіпте көмір мұнай-газ бен металл кендерін өндіруден кейінгі 3-ші орында тұр.

Экономикалық тиімдігі бұнымен бітпейді. Халықты жұмыспен қамтуда да көмірдің маңызды рөл атқарып тұр. Мысалы, елдегі көмір өндіру, байыту және оған қызмет көрсету саласында тікелей 30-35 мың адам

енбек етеді. Алайда жанама жұмыспен қамтуын қоссаңыз, көрсеткіш 3-4 есе артады. Өйткені мұнда теміржолшылар, энергетика мамандары, сервистік-жөндеу мекемелерінің қызметкерлері бар. Оның үстіне бұл салада жалақы деңгейі де жоғары. Көмір өндірісіндегі орташа айлық жалақы елдегі орташа көрсеткіштен 1,5 еседей көп. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2025 жылдың үшінші тоқсанында көмір өндіру саласындағы орташа жалақы 683 400 теңге болған. Яғни сала халықтың сатып алу қабілетін көтеріп отыр.

Бұған қоса, көмірдің арзан генерация болып отырғанын, елдегі орталықтандырылған жылу электр стансалары қазандықтарын «жағатынын» ескерсек, әзірге баламасы жоқ байлық санауға негіз бар. Әйтсе де, көмірге келгенде

энергиясын тұтыну көлемі 30%-ға өсіп, шамамен 150 млрд кВт-сағатты құрауы мүмкін. Қазір елде өндірілетін электр энергиясының қуаты — 123 млрд киловатт-сағат. Сондықтан Президент V Ұлттық құрылтай отырысында көмір генерациясын дамытудың ұлттық жоспарын дайындауды тапсырған еді.

Президент тапсырмасынан кейін 2026-2030 жылдарға арналған көмір генерациясын дамыту жөніндегі ұлттық жоба бекітілгенін айттық. Жобаның бастапқы құны 8 трлн теңгеден асады деп бағаланып отыр. Оның аясында 2030 жылға дейін 7,8 ГВт жаңа энергия көздерін іске қосу жоспарланған, оның ішінде 8 жаңа электр стансасын салу және жұмыс істеп тұрған 11 стансаны жаңғырту бастамасы бар.

Рас, жер беті түтіне тұншыққан заманда Қазақстанның көмірден энергия алуға ұмтылуы ақылға сыймайтын нәрседей көрінетін шығар. Алайда атүсті олай ойлауға болмайды. Оңтайлы жол — «таза көмір» технологиясы. Бұл жүйе жылу электр орталықтарынан шығатын түтін газдарын көпсатылы тазартудан өткізеді. Қарапайым тілмен айтсақ, стансада көмір барынша тиімді әрі экологиялық талапқа сай жағылуы шарт, кейін мұржа арқылы сыртқа шығатын зиянды заттар сүзіп алынады. Дегенмен қазір энергетика саласында қолданылып жүрген «таза көмір» ұғымы жалпылама сипатта. Оның нақты үлгісі немесе белгіленген талабы жоқ. Дамыған елдер көмірді жағу технологиясы мен сүзгінің өзіндік моделін әзірлеп, көмір қолданылатын ЖЭС-терде пайдаланып жүр.

Ал біздегі жағдай мүлде басқаша. Көп ЖЭО-ның салынғанына жарты ғасырға жуықтады әрі инфрақұрылым модернизацияны көтермеуі мүмкін. Сондықтан «таза көмірге» қатысты бар үміт жана нысандарға жүктелген. Ескілері күрделі жөндеуден өткізіледі. Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Абе-новтің айтуынша, «таза көмір» технологиясы негізі 6 кезеңнен тұрады.

— «Таза көмір» технологияларының негізгі мақсаты — көмірмен жұмыс істейтін электр стансаларының пайдалы әсер коэффициентін 35 пайыздан арттыру және маркерлік ластағыш заттар шығарындыларын азайту. Осы мақсатта қолданылатын технологияны бірнеше сатыға бөлуге болады: көмір өндіру, алдын ала дайындау және байыту, жоғары тиімді жағу, газдандыру, түтін газдарын терең тазарту, көміртекті ұстау, пайдалану және сақтау, өндіріс қалдықтарын кәдеге жарату, — деп қысқа түсіндірді маман.

Сонымен, Үкімет ұсынған 2026-2030 жылдарға арналған көмір генерациясын дамытудың ұлттық жобасында «таза көмір» басты бағыт ретінде қарастырылып отыр. Жаңа жылу электр стансалары «таза көмір» технологиясы негізінде жасалатыны түсінікті, оған қоса қолданыстағы станцияларды жаңарту кезінде тың технологияны енгізу көзделген. Бұған көмір өндіруші компаниялар да атсалысады екен. Бұның бәрі алдағы 4 жылдың еншісіндегі дүние. Тек Қазақстан осы жоспарды сәтті жүзеге асыра алса, келешекте энергетикалық қауіпсіздік мәселесі толығымен шешілген саналар еді.

«ТАЗА КӨМІРДІҢ» ТАРТУЫ БАР

Есеп-қисапқа жүгінуді аяқтап, енді көмірге қатысты мемлекет ұстанып отырған саясаттың өзіне келейік. Энергетика министрлігі бұған дейін елдегі көмір қоры 300 жылға жететінін мәлімдеді. Яғни көмірдің ел өміріндегі рөлі әлі әлсірей қоймайды. Сондықтан көмірдің келешегіне қатысты жоспар құрған жөн.

Еліміз бұл қадамды жасап та үлгерді. Президент осыған дейін «таза көмір» технологиясын ұсынғанын білеміз. Соның негізінде Үкімет 2030 жылға дейінгі «Көмір генерациясын дамыту» ұлттық жобасы әзірледі. Энергетика министрлігінің мәліметінше, 2035 жылға қарай Қазақстанда электр

МӘСЕЛЕ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Ақмола облысында жол-көлік оқиғалары азаймай тұр. Куәлігі жоқ жүргізушілердің қатысуымен болған апаттар, заңсыз берілген жүргізуші куәліктері, автомектептердің жұмысына қатысты анықталған заң бұзушылықтар мен бақылаудың әлсіреуі бір ғана сұраққа әкеліп тіреді. Қара жолдың бойындағы қайғылы оқиғаларға тек жүргізушілер кінәлі ме, әлде оны даярлаған жүйе ме?

Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Көкшетауда 9 мамыр күні болған қайғылы жол-көлік оқиғасы тұтас өмірді дүр сілкіндірген. Тұрғын үй ауласына кірген көлік 52 жастағы әйелді қағып, басып-жаншып өтті. Артында 12 жастағы ұлы жетім қалды. Ең сорақысы, көлік тізгінінде жүргізуші куәлігі жоқ әйел отырған. Одан кейін де облыс орталығында бесіктен белі жана ғана шыққан балаларды соғып кетіп, ауыр жапа шектірген бірнеше жол-көлік оқиғасы тіркелді. Қоғам тарапынан үлкен резонанс тудырып, ащы жанайқайын әлеуметтік желілерде шырылдап жазған, шулаған халықта есеп болмады. Бірақ түйткілдің түйіні тым арыда жатқанын өзіміз жүргізген журналистік зерттеу барысында анық бағамдадық. Өкініштісі сол, бұл еліміздің қандай қиырында болмасын күні бүгінге дейін саладағы сорақы «тірліктің» жалғасып келе жатқанын әрі тамыры тым тереңге кеткенін айғақтап берді. Сондықтан заң арқылы тосқауыл қойып, реттелмесе өкінішті оқиғалар одан сайын жиілей беретіні анық көрінді.

Қоғамды аса аландататын ащы шындықтың бірі — көлік тізгіндегендердің көпшілігі қарапайым жол ережелерін білмеуі. Өйткені күні бүгінге дейін автомектептерде оқымай-ақ «оқыды» деген ресми сертификат құжатты сатып алу мүмкіндігі, тіпті куәлікті сатып-ақ ала салған оқиғалар жиі айтылады. Бұл жылдар бойы қордаланған жүйелі түйткілдің енді іс жүзінде сыртқа шыққан көрінісі десек те артық айтпаспыз. Ақмола облысында жол-көлік оқиғаларының жылдан-жылға көбеюі, жүргізуші куәлігінсіз көлік тізгіндегендердің азаймай отырғаны, заңсыз жүргізуші куәлігін беру фактілерінің анықталуы және автомектептердің жұмысына қатысты сын әңгімелердің көбеюі қоғамды аландатпай қоймайды.

ЖОЛДАҒЫ ӨЛІМ НЕГЕ КӨБЕЙІП БАРАДЫ?

Ақмола облыстық Полиция департаментінің мәліметіне қарағанда 2024 жылы облыста 920 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Соның салдарынан 105 адам қаза тауып, 1 296 адам жарақат алған. Ал 2025 жылы жағдай одан әрі күрделене түсіпті. Бір жылдың ішінде 1 079 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 104 адам көз жұмса,

қозғалысы ережелерін өрескел бұзуы. Атап айтқанда, жылдамдықты арттыру, қарсы жолаққа шығып кету, маневр жасау қағидаларын сақтамау, жаяу жүргіншілерге жол бермеу, бағдаршамның тыйым салатын белгісіне де қарамай өтіп кету, көлік жүргізу кезінде телефон пайдалану және жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер мәдениетінің төмендігі сияқты себептер.

Аса аландатарлық тағы бір жайт — жүргізуші куәлігі жоқ

жинақтау үшін көлік жүргізу орындары мен автодромдар бар ма? Тағыда басқа сұрақтарымызға жауап іздеу үшін өзімізді қарапайым клиент ретінде таныстырып, Көкшетаудағы автомектептердің біріне арнайы бас сұқтық. Автомектеп менеджерінің айтуынша, оқу мерзімі — екі ай, бағасы — 75 мың теңге. Теориялық сабақтар онлайн форматта да өте береді. Жүргізуші куәлігін алу үшін сабаққа жазылғандарға бейнесабақтар жіберіледі. Өзінің қауіпсіздігі үшін автодромдарда және қала ішінде жүргізу тәжірибелік сабақтары өтеді екен. Бірақ қанша сағат жүретінін әркімнің өз қалауы біледі. Яғни «қатып

кілетті мемлекеттік органдарға тиесілі екенін атап өткен жөн. Дегенмен мұндай тәжірибе жүргізушілерді даярлау сапасына қатысты заңды сұрақтар туындайды.

Бұл күмән тек журналистік бақылаумен шектелмейді. Ақмола облысының прокуратурасы жүргізушілерді даярлайтын оқу ұйымдарына жүргізілген тексеру барысында да бірқатар өрескел заңбұзушылықты анықтаған. Бұған облыс прокуратурасына арнайы жолдаған ресми сауалдарымызға ұсынылған жауап арқылы көз жеткіздік. Атап айтқанда, оқу бағдарламасының қысқартылуы, практикалық сабақтардың толық өтпеуі, қажетті материалдық-техникалық базаның болмауы және медициналық бақылаудың жеткіліксіздігі анықталған. Тексеру материалдары уәкілетті органдарға жолданып, прокурорлық ден қою шаралары қабылданған. Бұл сан соқтырған түйткілді түйіндердің кездейсоқ емес, жүйелік сипат алғанын айғақтай түседі.

Биыл Ақмола облысының Полиция департаментіне Ұлттық қауіпсіздік комитетінен жүргізуші куәліктерін заңсыз беру схемасына қатысты ұсыныс та түсіпті. Тергеу барысында Көкшетаудағы мамандандырылған ХҚКО-ның лауазымды тұлғалары мен басқа адамдардың заңсыз жүргізуші куәліктерін ақшаға рәсімдегені жөнінде қылмыстық іс қозғалды. Қазір он азаматтың жүргізуші куәлігін сот арқылы жарамсыз деп тану туралы талап-арыздар берілген. Бұл қоғамда бұрыннан айтылып жүрген «жүргізуші куәлігі сатылып жатыр» деген әңгіменің іс жүзінде құр қауесет емес екенін анық аңғартады.

Ресми деректерге жүгінсек, бүгінде Қазақстанда жалпы саны 727 автомектеп жұмыс істейді. Депутаттар олардың едәуір бөлігінің материалдық базасы әлсіз екенін, сондай-ақ мемлекет тарапынан бақылаудың жеткіліксіз екенін бірнеше рет көтерді. Ал Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің мәліметіне қарағанда, қазір жүргізушілерді даярлау ұйымдарына мемлекеттік бақылауды қайтару мәселесі қаралып жатыр. Бұл өзгерістердің кездейсоқ қолға алынып отырмағанын айқын көрсетеді.

калған» қағида жоқ. Алайда әңгіменің ең назар аударарлық тұсы басқа болды.

Біз сабаққа мүлде қатыспайтын, жұмысбасты адамның сертификат алу мүмкіндігін сұрағанда, автомектеп қызметкері екі айдан кейін сертификат рәсімдеуге болатынын, бірақ «өзі үшін оқып алғаны дұрыс» екенін айтты. Әрине, бұл бір ғана автомектептегі әңгіме. Оның үстіне, мұндай жауаптың заңға сәйкестігін бағалау құзыреті уә-

P.S.

Көкшетаудағы қайғылы оқиға бір ғана жүргізушінің қателігі емес. Өкінішке қарай, бұл жүргізушілерді даярлау жүйесіндегі олқылықтардың, заң талаптарының тым солқылдақтығы мен шикілігі әлі де көп екенін аңғартады. Бұған жол-көлік оқиғаларының салдарынан жүздеген, тіпті мыңдаған адамның ажалына, яки жарымжан болуына себепкер болуы айқын көрсетеді. Жол ережесін елемейтін азаматтардың және сондай-ақ құзырлы органдар тарапынан бақылау тетіктерінің әлсіреуі де осындай ауыр ахуалға әкелгендей көрінеді. Мыңдаған адам куәліксіз көлік жүргізіп жүргені шындық. Жүздеген адам көлігін ондай адамдарға сеніп тапсырғаны да ащы ақиқат. Мұндайда жүргізушілерді даярлау сапасына қатысты қандай сұрақ қоюға болады? Бір анығы, мәселені тек айыппұлмен немесе кезекті рейд шараларымен шеше салу мүмкін емес. Өйткені жол қауіпсіздігі көлік тізгіндеген әрбір адамның жауапкершілігінен басталмақ. Бірақ сол жауапкершілікті қалыптастыратын жүйенің өзі мінсіз жұмыс істемесе, жолдағы қайғылы статистиканың азая қоюы екіталай. Өйткені рөлдегі бір адамның қателігі бүгін бір отбасының ғана емес, тұтас қоғамның қасіретіне айналып отыр.

КУӘЛІКСІЗ ЖҮРГІЗУШІЛЕРДЕН КӨП



Елдар ҚАБА (colizase)

Қоғамды аса аландататын ащы шындықтың бірі — көлік тізгіндегендердің көпшілігі қарапайым жол ережелерін білмеуі. Өйткені күні бүгінге дейін автомектептерде оқымай-ақ «оқыды» деген ресми сертификат құжатты сатып алу мүмкіндігі, тіпті куәлікті сатып-ақ ала салған оқиғалар жиі айтылады. Бұл жылдар бойы қордаланған жүйелі түйткілдің енді іс жүзінде сыртқа шыққан көрінісі десек те артық айтпаспыз. Ақмола облысында жол-көлік оқиғаларының жылдан-жылға көбеюі, жүргізуші куәлігінсіз көлік тізгіндегендердің азаймай отырғаны, заңсыз жүргізуші куәлігін беру фактілерінің анықталуы және автомектептердің жұмысына қатысты сын әңгімелердің көбеюі қоғамды аландатпай қоймайды.

1 716 адам түрлі деңгейдегі дене жарақатын алған. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанының өзінде-ақ 171 жол-көлік оқиғасы болып, жол бойында 7 адам қаза тауып, 246 адам жараланған. Тек соңғы үш жыл ішінде болған бұл оқиғалардың өзі-ақ жаныңды түршіктіріп жіберері хақ. Сандардың өзі-ақ жағдайдың қаншалықты күрделі екенін аңғартып тұр.

Полицияның талдауынша, апаттардың негізгі себептері — жүргізушілердің жол

азаматтардың жол қозғалысына қатысуы болып отыр. Көкшетау қаласының өзінде ғана 2025 жылы жүргізуші куәлігі жоқ адамдардың қатысуымен 13 жол-көлік оқиғасы тіркелсе, 2026 жылы мұндай төрт бірдей дерек тіркелген. Бірақ мәселе мұнымен шектелмейді. Ақмола облысында 2025 жылы жүргізуші куәлігі жоқ күйде көлік басқарғаны үшін 3 706 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Ал 2026 жылдың алғашқы айларында-ақ дәл осылай заңды белден басқан 1 430 азамат жауапқа тартылып үлгерген болып шықты. Тағы бір ауыр мәселе — көлігін куәлігі жоқ адамға сеніп тапсыратындардың көптігі болып отыр. Былтыр облыста 730 адамға, биыл 266 адамға осындай әрекеті үшін әкімшілік іс қозғалған. Сонда мыңдаған адам заң талабын елемей көлік жүргізіп жүрсе, жолдағы қауіпсіздік туралы қалай айтуға болады?

ЖАСЫРЫН ЭКСПЕРИМЕНТ НЕНІ КӨРСЕТТІ?

Жалпы, қазір жүргізушілер қалай дайындалады? Сабақ қалай өткізіледі? Материалдық-техникалық база жеткілікті ме? Жүргізушілердің алғашқы тәжірибе

НАРЫҚ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

АВТОПОЛИС: АРТЫҚ ТӨЛЕМГЕ

Көлікті сақтандыру қазір жүргізушінің ғана емес, сақтандыру компанияларының да бас ауруына айналып отыр. Бірі полис бағасының күрт өскеніне наразы болса, екінші тарап апаттар бойынша төлемнің көбейгенін алға тартады. Нарықтағы түсім өсіп келе жатқанымен, сақтандыру төлемі одан да жылдам қарқынмен ұлғайып барады. Соның салдарынан автосақтандырудың бағасы, оған қосылатын қызметтер мен жүргізушінің тәуекелін есептеу тәртібі бұрынғыдан да өзекті бола түсті.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бұл қайшылық қазір қарапайым көлік иелерінің күнделікті тәжірибесінен де көріне бастады. Нарықта сақтандыру төлемі көбейіп жатқан тұста кей жүргізушілер полис рәсімдегенде бұрын-соңды болмаған соманы көріп отыр. Солардың бірі өткен айда міндетті автосақтандырудың небәрі 13 мың теңгеге алған. Арада көп уақыт өтпей қолданыстағы полиске жүргізуші куәлігін жақында алған көлік иесін қоспақ болғанда, Halyk қосымшасындағы баға 194 мың теңгеге бір-ақ көтерілген.

Бір айдың ішінде болған мұндай өзгеріс көлік иесін таңғалдырған. Кеше ғана он мыңдап саналған полиске енді жүз мыңдап ақша сұралуының себебі неде? Оның үстіне, бұл жалғыз адамның басындағы жағдай емес. Тағы бір жүргізуші бұрын жылдық сақтандыруға 27 мың теңге төлеп келгенін, ал қазір Halyk қосымшасында 167 мың теңге көрсетілгенін айтады. Себебін білмек болып қолдау қызметіне хабарласқанда, оған брокер арқылы жұмыс істеуге байланысты түсініктеме берілген.

Көлік иелерінің әңгімесіне қарағанда, мәселе полистің қымбаттауымен ғана бітпейді. Кейде жүргізуші төлем жасар алдында экрандағы соманың неден құралғанына да үңілуге мәжбүр. Мәселен, қолданушылардың бірі сақтандыруды рәсімдеу кезінде негізгі полистің жанынан «КАСКО Лайт» пен «Жолдағы көмек» қызметтерін байқаған. Біріншісінің құны — 18 мың, екіншісінікі — 7 мың теңге. Ол екеуінен бас тартқаннан кейін ғана төлем азайған.

«Оны өшіруге болады, бірақ бірден байқамайсың. Артық қызметтердің бәрін алып тастағанда сақтандыру бұрынғы бағасына келеді. Ал жаңадан жүргізуші

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ



куәлігін алғандарда «бағаны өзгерту» деген батырма жоқ. Сонда олар сақтандыруға 200 мың теңгеге жуық төлейді, оның сыртында техникалық байқауы мен салығы тағы бар. Көлігің кредитте болса, шығынның үстіне шығын қосылады», — дейді ол.

Дегенмен міндетті сақтандырудың өз бағасы неге бір адамға арзан, екіншісіне қымбат түседі деген әңгіменің төркіні басқа. Мұнда жүргізушінің жасы да, тәжірибесі де, жолдағы жүріс-тұрысы да есепке кіреді. Өйткені Қазақстанда міндетті автосақтандыру үшін барлығына ортақ бір ғана баға белгіленбейді. Fingramota.kz түсіндірмесіне сәйкес, полистің құны бірнеше көрсеткішке тәуелді. Есептің негізінде базалық сақтандыру сыйақысы жатыр, одан кейін көлік пен жүргізушіге қатысты коэффициенттер қолданылады.

Бағаға көлік құралының тіркелген өңірі, жүргізушінің жасы мен жүргізушілік өтілі, көліктің түрі, пайдаланылған мерзімі және сақтандыру тарихы әсер етеді. Жүргізуші өз кінәсінен жол-көлік оқиғасына түспесе, оның сақтандыру класы біртіндеп жоғарылайды және полиске қолданылатын коэффициент тиімді бола түседі. Ал жүргізушінің кінәсінен сақтандыру жағдайы тіркелсе, класс төмендеп, келесі полистің бағасына әсер етуі мүмкін. Басқаша айтқанда, міндетті сақтандыруда көліктің өзі ғана емес, оны басқаратын адамның сақтандыру тарихы да маңызды.

Өңірлік айырмашылықтың болуы да осы тәуекел қағидатына негізделген. Fingramota.kz мәліметінше, 2026 жылы өңірлік коэффициенттерді есептегенде

белгілі бір аумақта жасалған сақтандыру шарттарының саны мен сол өңірдегі сақтандыру жағдайлары ескеріледі. Яғни жол апаты жиі тіркелетін өңір мен сақтандыру жағдайы аз аймақтағы бірдей жүргізушілердің полис құны сәйкес келмеуі мүмкін.

БАҒАНЫҢ БАҒАМЫ БІРКЕЛІКІ

Нарықтағы нақты бағаларды салыстырған Ranking.kz зерттеуі де қызық нәтиже көрсетеді. 2026 жылғы шілдеде басылым Алматыда тұратын, сақтандырудың 13-классына ие, көлігі жеті жылдан аспаған жүргізуші үшін бірнеше ірі компаниядағы міндетті автосақтандыру бағасын тексерген. «Евразияда» полис 19,8 мың теңге шамасында болса, Halyk Insurance, Alatau City Garant және «НОМАД Иншуранста» 19,9 мың теңге болған. Осы төрт сақтандырушы арасындағы айырмашылық небәрі 51 теңгеге құраған.

Бағаларға қарасак, қалыпты сақтандыру тарихы бар жүргізуші үшін ірі компаниялардың ұсыныстары шамалас. Яғни полис құнының бірден жүз мың теңгеден асып кетуін тек компаниялардың тариф айырмасымен түсіндіру қиын. Мұндайда бағаны өсірген себепті жүргізушінің өз деректерінен де, полиспен бірге ұсынылған өзге қызметтерден де іздеуге тура келеді.

Freedom Finance Insurance-тегі есеп өзгеше болған. Мұнда жүргізушіге 23,7 мың теңге төлеу ұсынылған. Ranking.kz мәліметінше, соның 4 мың теңгесі сақтандырудың өзіне емес, брокердің қызметіне тиесілі болған.

Halyk Insurance компаниясының түсіндіруінше, сақтандыру брокері — сақтанушының мүддесінде әрекет ететін және сақтандыру компаниясынан тәуелсіз делдал.

«Сақтандыру брокері — клиент пен сақтандыру компаниялары арасындағы тәуелсіз делдал. Оның негізгі міндеті — сақтанушының мүддесін қорғай отырып, клиент үшін неғұрлым тиімді әрі қолайлы сақтандыру

Нәтижесінде, төлемдердің сыйақыларға арақатынасы 77,6%-ды құрады. Қарапайым есеппен айтқанда, сақтандырушылар жүргізушілерден жинаған әр 100 теңгенің шамамен 78 теңгесін сақтандыру жағдайлары бойынша қайта төлеген. Оның үстіне, бұл есепке компаниялардың барлық операциялық шығындары кірмейді.

Бұл бір жылдың ғана көрінісі емес. 2025 жылы міндетті сақтандыру бойынша жиналған сыйлақы 136,8 млрд теңгеге жетіп, 17,3%-ға өскен. Ал төлемдер бірден 32,3%-ға артып, 105,9 млрд теңгені құраған. Соның салдарынан төлемдердің сыйақыларға арақатынасы 2024 жылғы 68,6%-дан 2025 жылы 77,4%-ға көтерілген.

Ұзақмерзімді динамика одан да айқын. Ranking.kz есебіне сәйкес, 2019 жылмен салыстырғанда жиналған автополис сыйақылары 78,4%-ға өскен, ал сақтандыру төлемдерінің көлемі 3,6 есе көбейген. 2019 жылы төлемдердің сыйлақыларға арақатынасы 38,7% болса, 2025 жылы 77,4%-ға жеткен.

АВТОСАҚТАНДЫРУДЫ АЛДА НЕ КҮТІП ТҮР?

Сақтандыру компаниялары үшін ендігі мәселе — жүргізушінің жолда қаншалықты тәуекел тудыратынын дәлірек есептеу. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі осы мақсатқа арналған OGPO Insurance Scoring Dataset деректер қорын ашық қолданысқа шығарды. Оның көмегімен мамандар жүргізушінің жол апатына түсу ықтималдығын бағалайтын модельдер әзірлей алады.

Агенттік жаңа тәсіл тәуекелі жоғары және тәртіпті жүргізушілердің арасын дәлірек ажыратуға мүмкіндік береді деп есептейді.

«Жүйе жол-көлік оқиғасы тәуекелін әділ бағалауға және клиенттік базаны сақтай отырып, портфель бойынша төлем коэффициентін қалыпты деңгейде ұстауға көмектесетін модельдерді әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әділдік қағидатына негізделген: сыйақыны көтеру тәуекелі жоғары жүргізушілерге ғана қарастырылған, ал жол ережесіне сақ жүргізушілер үшін сақтандыру шығындарын бұрынғы деңгейде қалады немесе тіпті азаюы мүмкін», — делінген Агенттік мәлімдемесінде.

Яғни жол апатына жиі себеп болатын жүргізуші көбірек, ал жылдар бойы апатсыз жүрген адам азырақ төлеуі мүмкін. Қазірдің өзінде міндетті автосақтандыруда осы қағидаға құрылған «бонус-малус» жүйесі бар. Жаңа деректер қоры тәуекелді бұдан да дәлірек бағалауға жол ашады.

Жүргізуші үшін ең маңыздысы — не үшін көбірек төлеп отырғанын түсіну. Баға апат тарихына, тәжірибесіне байланысты өсті ме, әлде полиске басқа қызметтер қосылды ма — мұның бәрі анық көрінуі керек. Ал жаңа скорингтің қарапайым көлік иесінің төлейтін ақшасына нақты қалай әсер ететіні әзірге белгісіз.

ҚАРЖЫ БАР, ҚАРЫМЫ ҚАНДАЙ?

Ranking.kz дерегіне, 2026 жылдың қаңтар-мамырында сақтандыру компаниялары міндетті сақтандыру бойынша 64,7 млрд теңге сыйлақы жинаған. Бұл бір жыл бұрынғыдан 17,2%-ға көп. Бірақ осы кезеңдегі сақтандыру төлемдері одан да жылдам 18,7%-ға өсіп, 50,2 млрд теңгеге жеткен.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Заң үстемдігі орнаған мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – қоғамдағы әрбір құқықбұзушылыққа оның нақты қауіптілік деңгейіне сәйкес әділ баға беру. Себебі барлық құқықбұзушылықтың табиғаты бірдей емес. Бір әрекет қоғамға елеулі қауіп төндірсе, екінші бір әрекет құқықтық тәртіпке нұқсан келтіргенімен, оны қылмыс деңгейінде бағалауды қажет етпеуі мүмкін. Сондықтан заманауи құқықтық жүйелерде құқықбұзушылықтарға сараланған тәсіл қолданылады. Мұндағы негізгі мақсат – жазалауды күшейту емес, керісінше жауаптылықтың әділ әрі өлшемді болуын қамтамасыз ету.



тірілмеген болса да, қылмыстық теріс қылық ретінде қаралады. Ал Ресей Федерациясында дәл осындай әрекет, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 19.1-бабымен әкімшілік құқық бұзушылық ретінде сараланады. Тек елеулі зиян келтірілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылық туындайды. Бұл Ресей заңнамасында қоғамға қауіптілігі төмен әрекеттерді әкімшілік құқық аясында реттеу басым екенін көрсетеді.

Осы салыстыру көрсеткендей, мәселе нақты әрекеттің қылмыс

Қазіргі әлемдік құқықтық үрдістерде мемлекеттің дамуы тек қылмыс үшін қатаң жаза белгілеумен емес, жауаптылықтың әділетті, сараланған және адам құқықтарына сәйкес құрылуымен бағаланады.

Қылмыстық теріс қылықтардың дербес құқықтық институт ретінде қалыптасуы қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдар санын азайтуға, қылмыстық саясатты неғұрлым гуманистік бағытқа өзгертуге мүмкіндік береді.

Мұндай өзгерістер Қазақстанның құқықтық жүйесінің гуманизация бағытын ұстанатынын көрсетіп, халықаралық құқықтық кеңістіктегі имиджін арттыруға ықпал етеді. Себебі заманауи мемлекеттер үшін маңызды көрсеткіштердің бірі – қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен азаматтардың құқықтарын қорғау арасындағы теңгерімді сақтау болып саналады. Осыған байланысты қазіргі модельді қайта қарау қажет.

Қылмыстық теріс қылықтарды Қылмыстық кодекс шеңберінде сақтау олардың құқықтық табиғатын толық ашуға мүмкіндік бермейді. Себебі ол қылмыстық құқықбұзушылықтың бір түрі саналғанымен, қоғамдық қауіптілік деңгейі, жауаптылық шаралары және құқықтық салдары жағынан қылмыстан ерекшеленеді.

Сондықтан қылмыстық теріс қылықтарға қылмыстармен бірдей құқықтық тәсілдерді қолдану олардың өзіндік ерекшелігін толық ескермеуге алып келуі мүмкін. Бұл санаттағы әрекеттер үшін жеке құқықтық режим қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында қылмыстық теріс қылық институтын қылмыстық құқықбұзушылық жүйесінен бөлек қарастырып, оны дербес құқықтық реттеу объектісі ретінде қалыптастыру және Теріс қылықтар туралы арнайы кодекс қабылдау мәселесін қарастыру қажет. Бұл тек терминологиялық өзгеріс емес. Атаудың өзгеруі осы институттың құқықтық табиғатын нақты айқындап, оны қылмыстық құқықтан толық бөлек, өзіндік қағидалары бар жауаптылық жүйесі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мұндай кодекс теріс қылықтардың түсінігін, түрлерін, жауаптылық шараларын, құқықтық салдарын және олар бойынша қолданылатын рәсімдерді бір жүйеге келтіруге мүмкіндік береді. Қылмыстық теріс қылық институтын енгізу өз уақытында маңызды құқықтық қадам болды. Бірақ кез келген реформа сияқты, ол да өзінің келесі даму кезеңін қажет етеді.

Ендігі міндет – теріс қылықтарды қылмыстың жеңіл түрі ретінде емес, өзіндік қағидалары мен құқықтық салдары бар дербес құқықтық институт ретінде қалыптастыру. Өйткені әділетті құқықтық жүйе тек жаза белгілеумен шектелмейді. Ол әрбір адамның жасаған әрекеті мен оған қолданылатын құқықтық салдардың арасында әділ өлшемнің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Нұрлан ЖАРМАХАНБЕТ,
құқық маистрі

ӘДІЛДІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАРАЗЫСЫ

Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіне 2014 жылы қылмыстық теріс қылық институтының енгізілуі осы бағыттағы маңызды қадам болды. Оның мақсаты – қоғамдық қауіптілігі қылмыстан төмен, бірақ әкімшілік құқықбұзушылықтан жоғары әрекеттерге жеке құқықтық баға беру еді.

Алайда арада бірнеше жыл өткеннен кейін бұл институттың құқықтық табиғаты мен оның заңнамадағы орнын қайта қарау қажеттілігі туындап отыр.

Қылмыстық теріс қылық – қолданыстағы заңнама бойынша қылмыстық құқықбұзушылықтың бір түрі. Алайда оның құқықтық табиғаты мен қоғамдық қауіптілік деңгейі қылмыстан өзгеше. Ол ауыр қылмыстармен бір қатарда қарастырылмауға тиіс, өйткені мұндай әрекеттердің қоғамға келтіретін зияны, жауаптылық шаралары және құқықтық салдары өзгеше сипатқа ие. Сондықтан қылмыстық теріс қылықты қылмыстың жеңілдетілген нысаны ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Ол қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылықтың арасындағы өзіндік орны бар, дербес құқықтық реттеуді қажет ететін институт ретінде қарастырылуға тиіс.

Бұл мәселенің мәні тек құқықтық атауда емес. Құқықтық санат адамның кейінгі өміріне әсер ететін салдарлармен тікелей байланысты. Қылмыстық теріс қылықтың құқықтық табиғатына байланысты ең маңызды мәселелердің бірі – оның кейінгі құқықтық салдары.

Заң шығарушы қылмыстық теріс қылықты қылмыстан қоғамдық қауіптілік деңгейі төмен әрекет ретінде бөліп көрсетті. Бұл оның қылмыспен бірдей деңгейде бағаланбайтынын білдіреді. Алайда құқықтық салдары тұрғысынан алғанда, қылмыстық теріс қылық пен қылмыстың арасында нақты айырмашылық әрдайым байқала бермейді.

Қылмыстық теріс қылық жасаған тұлға сот үкімімен кінәлі деп танылған жағдайда сотталған болып есептеледі. Бұл – заңның қазіргі талаптары. Алайда мәселе адамның сотталған болып есептелуінде ғана емес, оның кейінгі құқықтық салдарының жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік

деңгейіне қаншалықты сәйкес келетінінде.

Егер мемлекет белгілі бір әрекетті қылмысқа қарағанда төмен деңгейдегі құқықбұзушылық деп таныса, онда оның құқықтық салдары да қылмыс жасаған адамға қолданылатын салдармен бірдей болмауға тиіс.

Мұндай санаттағы құқықбұзушылықтар үшін қылмыстарға қарағанда жеңілдетілген құқықтық режим белгіленуі орынды. Мысалы, қылмыстық теріс қылық бойынша сотталғандықтың жойылу мерзімін қысқарту немесе белгілі бір мерзім өткеннен кейін оның адамның құқықтық жағдайын шектеуге негіз болмауын қарастыруға болады.

Бұл жауаптылықтан толық босату дегенді білдірмейді. Керісінше, бұл – жауаптылықтың әділеттілігі мен құқықтық салдардың өлшемдестігін қамтамасыз ету.

Алайда тәжірибеде бұрын қылмыстық жауаптылыққа тартылғаны туралы мәлімет адамның кейінгі құқықтық жағдайына әсер етеді. Әсіресе мемлекеттік қызметке, сот жүйесіне, құқық қорғау органдарына немесе арнайы талаптар қойылатын салаларға орналасу кезінде мұндай ақпарат белгілі бір рөл атқарады.

Осы жерде әділеттілік қағидаты тұрғысынан маңызды сұрақ туындайды: қоғамдық қауіптілігі төмен қылмыстық теріс қылық жасаған адамның құқықтық салдары ауыр қылмыс жасаған адаммен бірдей деңгейде болуы қаншалықты дұрыс?

Жауаптылықтың мақсаты тек жазалау емес. Құқықтық мемлекет адамның жасаған әрекеті үшін жауап беруін қамтамасыз ете отырып, оның қоғамға қайта бейімделуіне мүмкіндік беруге тиіс. Сондықтан қылмыстық теріс қылық бойынша жауаптылықтан кейінгі құқықтық салдардың мерзімділігі мәселесін де қайта қарау қажет.

Әкімшілік жауаптылықтың құқықтық салдары бір жылдан кейін тоқтайды. Яғни әкімшілік жауаптылық адамның бүкіл өміріне әсер ететін тұрақты шектеуге айналмайды.

Ал қылмыстық жауаптылыққа қатысты мәліметтердің құқықтық маңызы әлдеқайда ұзақ сақталады. Бұл тәсіл қылмыстық теріс қы-

лықтарға да қолданылып, әрекеттің нақты қоғамдық қауіптілігі мен одан кейінгі құқықтық салдар арасында сәйкессіздік пайда болуда.

Сондықтан теріс қылықтар туралы арнайы кодекс қабылданған жағдайда осы мәселе міндетті түрде реттелуге тиіс.

Мысалы, әкімшілік жауаптылықтағы тәсілге ұқсас түрде, қылмыстық теріс қылық бойынша жауаптылыққа тартылғаны туралы мәліметтердің белгілі бір мерзім өткеннен кейін адамның құқықтық жағдайын шектеуге негіз болмауы қарастырылуы қажет. Мұндай мерзім ретінде үш немесе бес жылдық кезеңді қарастыруға болады.

Бұл құқық қорғау мақсатында ақпаратты сақтауды жокқа шығармайды. Бірақ оның адамның



Қылмыстық теріс қылық институтын дербес құқықтық жүйе ретінде қалыптастыру тек ішкі құқықтық мәселе емес. Оның Қазақстанның халықаралық құқықтық беделін арттыру тұрғысынан да маңызы бар.

бүкіл өміріне әсер ететін шектеуге айналуына жол бермеу керек.

Құқықбұзушылықтарды саралау мәселесінде халықаралық тәжірибеге де назар аударған жөн.

Мысалы, Қазақстанда белгілі бір әрекеттер қылмыстық теріс қылық ретінде қарастырылса, Ресей Федерациясының құқықтық жүйесінде ұқсас сипаттағы кейбір әрекеттер әкімшілік құқықбұзушылық ретінде белгіленген.

Бұған нақты мысал ретінде өз бетінше билік жүргізу құрамын келтіруге болады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 389-бабының 1-бөлігі бойынша бұл әрекет елеулі зиян кел-

немесе әкімшілік құқықбұзушылық ретінде аталуы ғана емес. Негізгі мәселе – сол әрекетке қолданылатын құқықтық салдардың оның қоғамдық қауіптілік деңгейіне сәйкестігі. Егер мемлекет белгілі бір әрекетті қылмыстан төмен деңгейдегі құқықбұзушылық ретінде таныса, онда оған қолданылатын құқықтық режим де соған сәйкес жеңілдетілген болуға тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда жала жабу құрамының құқықтық мәртебесінің өзгеруі декриминализация саясатының мысалы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұрын қылмыстық-құқықтық қорғау объектісі болған бұл әрекет кейін әкімшілік-құқықтық реттеу саласына ауыстырылды. Бұл заң шығарушының кейбір әрекеттердің қоғамдық қауіптілік деңгейін қайта бағалап, оларға қатысты қылмыстық-құқықтық ықпал ету шегін өзгерте алатынын көрсетеді.

Алайда барлық әрекетті бірден

әкімшілік құқықбұзушылық деңгейіне ауыстыру әрдайым тиімді шешім емес. Кейбір әрекеттердің қоғамдық қауіптілігі әкімшілік құқықбұзушылықтан жоғары, бірақ қылмыс деңгейінен төмен болуы мүмкін.

Осындай жағдайларда қылмыстық теріс қылық институты өзінің негізгі міндетін атқаруға тиіс.

Қылмыстық теріс қылық институтын дербес құқықтық жүйе ретінде қалыптастыру тек ішкі құқықтық мәселе емес. Оның Қазақстанның халықаралық құқықтық беделін арттыру тұрғысынан да маңызы бар.

ДАУА

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Түн жарымына дейін емес, таң сәріге дейін телефонға телміріп, не болмаса төсекте дөңбекшіп ұйықтай алмау қоғамның үйреншікті салтына айналып бара жатқандай. Ұйқысыздық адам психикасы, иммунитеті, жұмыс өнімділігі мен жалпы өмір салтын біртіндеп құлдыратып жатқан ғасырдың үнсіз дерті дерсің. Ұйқының бұзылуына мән беріп, мәселе ретінде қарамаудың салдары да ауыр зардаптарға әкеледі. Ұйқысыздық кезінде не істеу қажетін, қандай медициналық тексеруден өту керегін білесіз бе?

Соның салдарынан жүйке жүйесі үнемі кернеуде болып, мазасыздық пен ұйқының бұзылуына әкелуі мүмкін, — дейді ол.

Маман ұйқысыздық пен мазасыздық себебін түсініп, салдарын емес, себебін жоюға көңіл бөлу керек дейді, психологтың да көмегіне ерте жүгінген жөн деген пікірде.

— Жүректі махаббатқа толтырып, өмірді және адамдарды қалай бар, солай қабылдауға тырысыңыздар. Біз басқаларды өзгерте алмаймыз. Барлық мәселені түнде шешудің қажеті жоқ. «Желмен өткен»

желіге кірмеуге тырысқан дұрыс. Бұл мидың тынығып, ұйқы сапасын жақсартуға көмектеседі, — дейді психолог.

ҰЙҚЫ — ДЕНЕНІҢ СИГНАЛЫ

Берклидегі Калифорния университетінің неврология және психология профессоры Мэттью Уолкер биыл әйгілі ұлыбританиялық The Guardian басылымына мынадай пікір білдірген екен: «Ұйқысыздық — жай ғана түнгі физиологиялық бұзылыс емес, ол — адам миының «эмоционалдық фильтрінің» істен шығуы. Түнде дұрыс ұйықтамаған ми күндіз қауіп-қатерді үш есе ұлғайтып қабылдайды. Нәтижесінде, ұйқысыздықпен ауыратын адам әлемді объективті түрде емес, созылмалы қауіп режимінде көре бастайды. Біз ұйқыны реттеу арқылы адамға оның ақыл-ойының эмоцияны басқару қызметін қалпына келтіреміз», — дейді. Демек, ұйқының маңызы біз ойлағаннан да жоғары. Бүгінде

есте сақтау, сөйлеу қабілетінің қиындағанын байқасаңыз, дереу дәрігерге бару керек. Ұйқысыздық мазалағанда, маманмен әңгімелесудің өзі мәселенізді реттеуі мүмкін.

— Сомнологтың негізгі құралы — құрылғы емес, науқаспен егжей-тегжейлі әңгімелесу. Науқастың қашан жатып, қашан оялатынын, ұйықтап кету үшін қанша уақыт кететінін, қаншалықты жиі ояна-тынын, қорылдайтынын, нәтижесінде өзін қалай сезінетінін және қандай дәрі-дәрмекті ішетінін анықтау маңызды. Мен көбіне-көп пациентіме екі апта бойы ұйқы күнделігін жүргізуді ұсынамын. Кейде ол қымбат тексеруге қарағанда себебін дәл анықтайды. Ал электроэнцефалография әдетте қарапайым ұйқысыздық үшін қажет емес. Ол эпиплексия, түнгі ұстамалар немесе басқа неврологиялық бұзылысқа күдік туындаған жағдайда жасалады, — дейді невролог-нейрофизиолог.

Пациенттер әдетте медициналық тексеру мен анализдердің көптігінен шаршайтынын, сол себепті ауруханаға дер кезінде бара алмай-тынын айтып жатады. Ләззат Танашева, негізінен, медициналық тексеруде кең ауқымды зерттеуді емес, дәлдіктің маңызды екенін ескертеді.

— Білікті дәрігер ағзадағы белгілерге қарап-ақ жалпы қан анализі, анемияны жоққа шығару үшін ферритин талдауы, гипотиреоз және гипертиреозды анықтауға арналған талдауды тапсыруды ұсынады, кейде көрсетілм бойынша B12 дәрумені және D дәруменін тексеру керек. Маңыздысы — тексерудегі дәлдік. Полисомнографияны тек қажет жағдайда жасайды. Полисомнография — түні бойы жүргізілетін кешенді ұйқы зерттеуі. Арнайы сенсорлар тыныс алуды, қандағы оттегі деңгейін, жүрек пен мидың жұмысын, көздің, бұлшықеттің және аяқтың қозғалысын бақылайды. Бұл зерттеу әсіресе қорық, тыныс алудағы үзілістер, ұйқы кезіндегі қалыптан тыс қозғалыстар және ұзақмерзімді, емдеуге төзімді ұйқысыздық үшін маңызды, — дейді маман.

ҰЙЫҚТАТАТЫН ДӘРІ МӘСЕЛЕНІ ШЕШПЕЙДІ

Ұйқысыздыққа душар болған жандар кейде мәселені реттеу үшін дәрігердің тағайындауынсыз ұйықтатын дәрі ішіп жатады. Алайда дәрі еш уақытта мәселені шешпейді. Неврологтың түсіндіруінше, кейбір ұйықтататын дәрілер ұзақ және бақылаусыз қолданған кезде тәуелділікке әкелуі мүмкін, сонда алдыңғы доза енді көмектеспейтін болады, ал дәріні ішуді тоқтатқаннан кейін ұйықтау тіпті қиыңа соғады.

— Дәрі ішу денедегі дабылдың себебін түсінбей өшірумен тең. Ұйқыға арналған таблеткалар ұйқы апноэсімен ауыратын адамдардың тыныс алуын бұзады. Созылмалы ұйқысыздықтың негізгі емі — когнитивті мінез-құлық терапиясы. Ол мидың қалыпты ұйқы режимін қалпына келтіруге көмектеседі. Емдеудің мақсаты — адамды кез келген жағдайда ұйықтату емес, оның табиғи ұйқы режимін қалпына келтіру, — дейді Ләззат Танашева.

Маманның айтуынша, ұйқы бұзылысының артында ауыр диагноздың да жасырынуы мүмкін. Сол себепті ағзадағы кез келген белгіге көңіл аударғаныңыз абзал. Ұйқым нашар деп жүргенде, ұйқы апноэсі, жүрек-қан тамырлары ауруларының асқинуы, темір тапшылығы, қалқанша безінің дисфункциясы сынды дертпен бетпе-бет келуіңіз мүмкін. Сол себепті де ұйқысыздық симптоммен емес, себебімен күресіңіз.

ҰЙҚЫСЫЗДЫҚ дерті ДЕНДЕСЕ...

А Айсұлу СЪЕЗХАН

ResMed 2026 Global Sleep Survey (Әлемдік ұйқы сауалнамасы) дерегінше, зерттеуге қатысқан адамдардың 83 пайызы тұрақты және сапалы ұйықтауда негізгі кедергілерге тап болатынын мойындаған. Респонденттердің 39 пайызы ұйқысыздықты тудыратын басты фактор ретінде стресс пен мазасыздану, 22 пайызы жұмыстың ауыр жүктемесі, 21 пайызы ұйықтар алдында электрон құрылғыларды пайдалану, 19 пайызы үй шаруашылығының міндеттері, 18 пайызы ұйқының бұзылуы деген негізгі бес себепті алға тартқан.

Аталмыш сауалнаманы тыныс алу жолдары мен ұйқы бұзылыстарын емдеуге арналған медициналық жабдықтар шығаратын әлемге әйгілі ResMed компаниясы жыл сайын өткізіп келеді. Биыл 13 елден қатысқан 30 мың адамның ішінде әйелдердің 48 пайызы және ерлердің 42 пайызы түнде ұйықтай алмай қиналатынын айтқан.

КЛИМАТТЫҢ ДА ҰЙҚЫҒА ӘСЕРІ БАР

Climate Central ұйымының зерттеуінше, кейінгі кезде түнгі температураның артуы мен климаттық факторлардың әсері де ұйқы уақытының қысқаруы мен сапасының нашарлауына себеп болып отыр. Мәселен, климаттың өзгеруі салдарынан 2020–2025 жылдары ғаламшарымыздың әрбір тұрғыны жылына орта есеппен 56 сағат ұйқыдан (шамамен 7 толық түн) айырылған. Сонымен қатар талданған 1 300-ден аса қаланың бәрінде дерлік климаттың өзгеруіне байланысты ыстықтан ұйқының бұзылуы 1970-жылдардың басымен салыстырғанда, кем дегенде екі есе өскен. Ұйқының ең көп жоғалуы Таяу Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азияға тиесілі, онда адамдар жылына орта есеппен 55-тен 91 сағатқа дейін аз ұйықтаған. Кейінгі бес жылда Италияның Неаполь қаласының тұрғындары ыстық салдарынан жыл сайын 51 сағат ұйықтамаған. Ұйқы ағзаның күндізгі қалыпты жұмысы үшін маңызды рөл атқарады, алайда температура төмендемесе, дене күйзеліс күйінде қалып, ағза қалпына келіп үлгермейді. Авторлардың айтуынша, нашар ұйқы көңіл күйдің, когнитивті қабілеттердің және жұмыс өнімділігінің төменде-

уіне, жүрек-қан тамырлары мен иммундық жүйе аурулары қаупінің артуына әкеп соқтырады. Әрине, ұйқыға көптеген фактор әсер етеді, дегенмен жаһандық температураның көтерілуі де орасан қауіпке айналды, тіпті түнгі ыстықтың әсерінен бірнеше сағат дұрыс ұйықтай алмаудың өзі денсаулыққа айтарлықтай зиян тигізеді.

«БҰЛ ТУРАЛЫ ЕРТЕҢ ОЙЛАНАМЫН»

Ұйқысыздықтың бір себебі ұзақ уақытқа созылған стресс пен мазасыздық екені түсінікті. Qalam корпорациясының 2023 жылғы әлеуметтік зерттеуіне сәйкес еліміздегі жастардың 70 пайыздан астамы тұрақты стресс, ұйқысыздық және апатияға ұшырайтыны анықталған. Ал мазасыздық пен ұйқының бұзылуына әлеуметтік және тұрмыстық қиындықтар, табыстың аздығы, қаржылық қысым мен несие алу себеп ретінде көрсетілген. Зерттеу дерегінше, жастар үшін несие алу өмір сүрудің негізгі құралына айналған, әсіресе айына 200 мың теңгеден аз табысы бар жандар үшін несие алудан басқа амал жоқ. Осылайша, қаржылық мәселелер де ұйқының бұзылуына әсер етпей қоймайды. Психолог Лаура Нариманнан да осы жөнінде пікірін білген едік.

— Жұмыс, қаржы проблемалары, отбасындағы реніш, бала қамы — осының бәрі адамның үнемі уайымдауына себеп болады. Әсіресе гипержауапкершілігі жоғары, бәрін бақылауда ұстайтын және перфекционист адамдардың негізгі ішкі сенімі: «Мен бәрін мінсіз орындауым керек. Қателесуге болмайды». Олар өзіне шамадан тыс талап қояды, бәрін бақылауға тырысады, көп уайымдайды және өзіне демалуға да рұқсат бермейді.

(«Унесенные ветром») фильміндегі кейіпкер Скарлетт О’Хараның әйгілі бір сөзі бар: «Бұл туралы ертең ұстаным ойды тыныштандырып, жақсы ұйықтауға көмектеседі. Бүгін ұйықтап, ертең тұру қажет, ал бізде керісінше, бүгін жатып, бүгін тұрады, — дейді психолог.

Сонымен қатар Лаура Нариман шамадан тыс ақпарат қабылдау да ұйқы сапасына әсер ететінін айтады. — Менің ойымша, қазір халық



арасында ұйқысыздыққа душар болғандардың көбеюінің бір себебі — ақпараттың тым көп болуы. Адамдар күні бойы әлеуметтік желіден түрлі жаңалық оқиды. Оның қатарында тек жақсы жаңалық емес, соғыс, апат, қайғылы оқиғаларға қатысты жағымсыз ақпарат көп. Мұның бәрі адам психикасына әсерін тигізеді. Ми тынышталып, демалу орнына, қабылдаған ақпаратты өңдей береді. Соның әсерінен ұйықтап кету қиындайды, ұйқының сапасы төмендейді. Сол себепті де ұйықтар алдында кем дегенде 1-2 сағат бұрын телефонды алысырақ қойып, әлеуметтік

ұйқы медицинасы тар бейінді оқшауланған сала емес, зерттеулер мен клиникалық тәжірибенің алаңына айналды, сала сомнология, неврология, кардиология, психиатрия және басқа да салалармен тоғысты. Ұйқы бұзылыстарын анықтау мен емдеуде де жасанды интеллект және метаболикалық терапиялар үлкен рөл атқара бастады. Біз медицина ғылымдарының кандидаты, невролог-нейрофизиолог Ләззат Танашевадан ұйқысыздық жайында сұрап білген едік, оның айтуынша, ұйқы сапасының нашарлауына ешқашан бейжай қарауға болмайды. Медицина маманы оны былай түсіндірді:

— Ұйқының қиындауы аптасына кемінде үш рет болса, үш айға созылса және күндізгі қалыпты жұмыс істеуге кедергі келтірсе, бұл — емдеуді қажет ететін созылмалы ұйқысыздық. Негізгі себептер — күйзеліс, мазасыздық, ұйқы режимінің бұзылуы, кешке кофе ішу, ұйықтар алдында гаджетті үнемі пайдалану, менопауза кезіндегі

ЗЕРДЕ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ



Бүгінде жер сілкінісін бір тәулік бұрын болжау мүмкін емес. Әлем ғалымдары ондаған жыл бойы осындай болжам жасау мүмкіндігін қарастырып келеді. Ал небәрі 11-сынып оқушысы, алматылық Әлихан Ғатаулин бұл мәселені жасанды интеллект көмегімен шешуге талпынып жүр. Бір қызығы, Әлиханға Сейсмологиялық байқау мен зерттеулер ұлттық ғылыми орталығынан арнайы жұмыс орны бөлінген. Ол Галина Хачикянның кабинетінде зерттеумен айналысады. Қазір Әлихан – команда құрамындағы ең жас зерттеуші.

түкпірінде жұмыс істейді. Мысалы, менің бағытымдағы мамандардың бірі қазір Берлинде, енді бірі Италияда. Әріптестерімнің жұмыс кестесі өте тығыз. Бірі докторантураны аяқтап жатыр, енді бірі ауқымды ғылыми зерттеулермен айналысады. Соған қарамастан аптасына бірнеше рет кездесіп, алдағы жоспарларымызды бірге талқылауға уақыт табамыз. Осы тұста компания жетекшісі Арман Бекембаев туралы ерекше атап өткім келеді. Ол жай ғана басшы емес, нағыз көшбасшы дер едім. Әрбір талқылауға өзі қатысып, команданың жұмысына үнемі қолдау танытады, — деді ол.

**ӨЗІМДІ
ҚАТАРЛАСТАРЫМНАН ЕРТЕ
ЕСЕЙДІМ ДЕП
ОЙЛАМАЙМЫН**

Замандастары студенттік өмірге қадам басуға дайындалып

қоғамға пайдасын тигізетін білім мен тәжірибе жинап жүрмін, — деді оқушы.

Алматыда қуатты жер сілкінісі болғаннан бері екі жылдан аса уақыт өтсе де, тұрғындар арасында зілзала қайталануы мүмкін деген алаңдаушылық жиі сөз болады. Әлихан мұндай сауалдарды сыныптастарының да өзіне жиі қоятынын жасырмады. Алайда ол ғылымның міндеті — болжам айтуға негізделмегенін, шын мәнінде, деректерді талдап, қауіптің алдын алуға мүмкіндік беретін жүйені жетілдіру екенін алға тартты.

— Бұл тақырып мен үшін өте қызық. Мен өзімді алдыңғы буын ғалымдарына қарсы қойып немесе олармен бәсекелесіп жүрмін деп ойламаймын. Ғылымда бір адамның ғұмыры кейбір ауқымды мәселелерді толық шешуге жете бермейді. Бірақ ғылымның ең үлкен күші — оның сабақтастығында. Әр буын өзіне дейінгі ғалымдардың еңбегіне сүйеніп, оны әрі қарай жалғастырады. Мен де өзімді сол жолдың жалғастырушысымын деп санаймын. Бүгінгі ізденістерім — өзіме дейінгі ғалымдардың қалыптастырған ғылыми негізінің жалғасы деп білемін, — деді Әлихан.

**ҒЫЛЫМНЫҢ ӨМІРДЕГІ
ПАЙДАСЫН КӨРГЕНДЕ,
ҚЫЗЫҚТЫ БОЛА
БАСТАЙДЫ**

Қазір жастардың басым көбі әлеуметтік желіге әуес және олар ғылымнан алшақтап барады деген пікірлерді жиі естиміз. Десек те, өзі ғылым жолын тандаған Әлихан бұл жай ғана қалыптасқан стереотип деп есептейді. Оның пайымынша, мәселе жастарда емес, олардың қызығушылығын дұрыс бағыттау білуде жатыр.

— Бұл кейінгі кездері жай ғана «сәнге» айналған пікірлердің бірі деп ойлаймын. Қай кезеңде де адамдар әртүрлі болған және солай бола береді. Бірі дайын ақпаратты тұтынғанды жөн көреді, енді бірі жаңа дүние жасап, өзін дамытуға ұмтылады. Мұны тарихтағы барлық буыннан көруге болады. Сондықтан қазіргі жастарды бұрынғы буыннан түбегейлі өзгеше деп айта алмаймын. Ең бастысы, жасөспірімге өзін танытуға, қабілетін дамытуға мүмкіндік беру. Ғылымның өмірдегі нақты пайдасын көргенде, қызықты бола бастайды. Зерттеуді өзін үшін қызықты ізденіске айналдырып, алған білімінің айналана, қоғамға әсер ете алатынын түсінген кезде ғылымға деген қызығушылық артады, — деп сөзін түйіндеді Ә. Ғатаулин.

Ерекше атап өтерлік жайт, таяуда Әлихан Қазақстандағы IT және жасанды интеллект саласындағы жетекші NeuroKids платформасынан 800 мың АҚШ доллары көлеміндегі келісімшартқа ұсыныс алды. Компания жас талантқа Бизнесі дамыту және AI таланттар жөніндегі директор (Chief Business Development & AI Talents Officer) қызметін ұсынған. Жаңа лауазым аясында Әлихан платформаның халықаралық ауқымын кеңейтуге, білім беру бағдарламаларына жасанды интеллект технологияларын енгізуге және әлемнің түкпір-түкпірінен дарынды жастарды тартуға атсалысады.

Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Мектеп оқушысының зерттеуі спутниктік деректер мен геомагниттік өзгерістерді талдау арқылы зілзаланы шамамен бір тәулік бұрын болжауға бағытталған. Кейіпкеріміздің айтуынша, оның дәл осы бағытқа ден қоюына 2024 жылы Алматыдағы жер сілкінісі негіз болған.

— Ең алдымен мені сол сәттегі дәрменсіздік сезімі қатты толғандырды. Балалардың жанұшыра айқайлағаны, дабылдың үні әлі күнге дейін құлағымда. Сол кезде біз сейсмикалық қауіпті аймақта өмір сүрсек те, апаттың алдын алуға емес, оның салдарымен күресуге ғана дайын екенімізді түсіндім. Содан кейін өзіме «Қазіргі ғылымның қолында осыншама мүмкіндік, осыншама дерек бола тұра, жер сілкінісінің жақындағанын білдіретін белгілерді нәліктен анықтай алмаймыз?» деген сауал қойдым. Дәл осы сұраққа жауап іздеу арқылы ғылым жолына түстім, — деді ол.

**ҒЫЛЫМНЫҢ МӘНІ —
ШЫНДЫҚҚА СҮЙЕНУ**

Әлиханның зерттеу бағыты көпшілікке тосын көрінуі мүмкін. Өйткені ол Күндегі жарқылдар мен жер сілкінісінің өзара байланысын зерттейді. Бұл теория ғылыми ортада әлі толық мойындалған жоқ. Сондықтан зерттеушінің өзінен оның алғашында ғылыми қауымдастық тарапынан қалай қабылданғанын сұрап көрдік.

— Ғалымдардың бұл мәселеге көзқарасы әртүрлі. Бұл — ғылым үшін қалыптасқан жағдай. Кейбір зерттеушілер қазіргі деректерді талдаудың жаңа мүмкіндіктерін ескере отырып, бұл бағыттың болашағы бар деп есептейді. Ал енді кейбірі Күндегі үдерістер мен Жердің тектоникалық қозғалыстарының арасында тікелей байланыс барын дәлелдеу өте қиын екенін айтып, күмәнмен қарайды. Сол үшін мен қандай да бір теорияны қалайда дәлелдеуге тырыспаймын. Мен үшін ең маңыздысы — нақты дерек. Қазір басты мақсатым — жеткілікті көлемде сенімді статистикалық мәлімет жинап, оны жан-жақты

ЖЕР ДҮМПУІНІҢ жұмбағын шешуге ҰМТЫЛҒАН ЖАС

талдау. Егер зерттеу белгілі бір заңдылықтың бар екенін көрсетсе, оны ғылыми деректермен дәлелдеуге болады. Ал егер ондай байланыс анықталмаса, оны да дәлелді түрде жоққа шығаруға мүмкіндік бар. Ғылымның мәні де сол — шындыққа сүйену, — деді Әлихан.

Қазір ғылыми топ Күн белсенділігін зерттеумен шұғылданады. Әлиханның сөзінше, команда құрамында Қазақстан, Италия және Германиядан келген тәжірибелі мамандар жұмыс істейді. Жас зерттеуші кейінгі уақытта өзін таңғалдырған маңызды нәтижелердің бірі ретінде ірі жер сілкінісінің алдында байқалатын әлсіз микротербелістердің анықталғанын жеткізді. Түптеп келгенде мұндай өзгерістерді қарапайым тәсілмен байқау қиын. Сол себепті зерттеушілер машиналық оқыту алгоритмдерінің көмегімен ауқымды деректерді саралап, бұрын назардан тыс қалған заңдылықтарды іздеп жатыр.

— Біздің мақсатымыз — жер сілкінісінің алдында байқалуы мүмкін сейсмикалық белгілерді анықтап, оларды талдау. Тағы бір маңызды жайт, қазір «жасанды интеллект» ұғымы өте кең мағынада қолданылып жүр. Мен бұл жерде GPT немесе Gemini секілді тілдік модельдерді емес, машиналық оқыту технологияларын айтып отырмын. Біз алгоритмдерді тектоникалық үдерістердің алдында пайда болатын маңызды аномалияларды тануға үйретеміз. Машиналық оқыту зерттеушілердің мүмкіндігін бірнеше есе арттыратын қуатты құрал деп ойлаймын. Оның көмегімен бұрын деректердегі жай ғана «шу» болып көрінген ақпараттың арасынан белгілі бір заңдылықтарды байқауға болады, — деді зерттеуші.



**МЕКТЕП ПЕН ҒЫЛЫМ
АРАСЫНДАҒЫ
ТЕПЕ-ТЕНДІК**

Әлиханның күн тәртібі қатарластарынан өзгеше. Ол аптаның белгілі бір күндері Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығында болса, кейде обсерваторияда жұмыс істейді. Бұдан бөлек, халықаралық зерттеу тобының жұмысын үйлестіріп, қосымша сабақтарға уақыт бөлуге тырысады. Мектеп бағдарламасының мұндай ауқымды ғылыми ортада жұмыс істеуге жеткіліксіз екенін түсінетін Әлихан білімін өз бетінше толықтырып келеді. Ғылымға құштар жас күн сайын бірнеше сағатын қосымша дайындыққа арнайды.

— Бұл ретте менің жолым болды деп айта аламын. Өйткені мен жұмыс істейтін компания әлемдегі үздік ғарыш компанияларының үштігіне кіреді. Сондықтан мұндағы талап та, жауапкершілікте жоғары. Компаниямыз халықаралық деңгейде болғандықтан, әріптестеріміз әлемнің әр

жүрген шақта Әлихан ғылыми зерттеулерге ден қойып, халықаралық деңгейдегі мамандармен бірге жұмыс істеп жүр. Мұндай өмір ырғағы оны өз қатарластарынан ерте есейіп кеткендей сезіндірмей ме деген сауал бізді де қызықтырмай қоймады.

— Әрине, мен де ҰБТ мен мектеп бітіру кеші туралы ойлаймын. Болашақ мамандығым мен қай университетте оқитыным да мен үшін маңызды. Бірақ мұның бәрін «ерте есейгендік» деп есептемеймін. Бұл салаға деген қызығушылығым шынайы. Сондықтан академиялық білім алып жүріп, таңдаған мамандығыммен қазірден бастап айналысуды қалыптастырған жағдай деп санаймын. Иә, менің күнделікті өмірім қатарластарымнан басқаша. Олар көбіне мектеп бітіру кешін талқылап жүргенде, мен Берлин мен Италиядағы әріптестеріммен машиналық оқыту модельдерін талқылаймын. Мен ешқашан өзімді балалық шағымнан айырылып жатырмын деп ойлаған емеспін. Керісінше, дәл қазір болашақта

ЖАНСАРАЙ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Абай айтқандай, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы». Ал «Мөлдір өлең» – сөз патшасын, яғни қазақтың қара өлеңін қадірлеуге, оның көркемдік қуаты мен тереңдігін жаңа қырынан танытуға бағытталған поэтикалық жоба. Ұлттық поэзияның тамырына нәр беріп, жас таланттарға жол ашқысы келіп жүрген ақын Мөлдір Айтбай қара өлеңнің қадірін жаңа буынға жеткізуді мұрат тұтса керек. Апта сайын өткізіліп жүрген кештің мақсаты да осында. Әзірге өңір-өңірде көрермендерді поэзиямен сусындатып, кеш көрігін қыздыра түскен ақындар жыл соңына дейін финалға жетуді көздеп отыр. Әлі қанша кеш өтеді? Бұл жобаның маңызы қандай? Біз бұл сауалды жобаның үйлестірушісі әрі идея авторы Мөлдір Айтбайға қойдық.

Қайта оралған ҚАРА ӨЛЕҢ

— Мөлдір, «Мөлдір өлең» сізге не береді? Жалпы, мұндай ұлттық поэтикалық жобаны ұйымдастырудың мәні неде?

— Шынымды айтсам, бұл жоба маған материалдық тұрғыдан көп нәрсе бермейді. Керісінше, уақытымды, күш-қуатымды, тапқан табысымды осыған жұмсап жүрмін. Бірақ оның есесіне сөзбен айтып жеткізуге келмейтін керемет рухани ләззат аламын. Ақындардың өлең оқығанын тындап, көрерменнің әсерленгенін көргенде, жан дүниенің ерекше бір рақатқа бөленеді.

«Мөлдір өлеңді» жүргізіп тұрған сәтте өзімді өмірдегі өз орнын тапқан адамдай сезінемін. Адамның жүрегі бір істі шын қалап, сол іспен айналысқан кезде ғана осындай күйді бастан кешетін шығар. Сол рухани ләззат үшін кездескен кедергілерге де төзуге тура келеді.

Бұл жобаны ұйымдастырудағы басты мақсатым — қазақтың жүрегінде ұйықтап жатқан қара өлеңді ояту. Өлең біздің халқымыздың қанында бар. Қазақ қуанышын да, қайғысын да, сағынышын да, арманын да өлеңмен жеткізген. Бірақ қазіргі қарбалас заманда сол қасиетіміздің көмескіленіп бара жатқаны байқалады. Біз қара өлеңді сахнаға қайта шығарып, халықпен қайта қауыштырғымыз келеді. Өлеңді тек кітаптың ішінде қалдырмай, тірі өнерге, елдің рухани мерекесіне айналдыруды көздейміз.

— Жобаның басталғанына он екі апта болды. Осы уақыт ішінде қандай қиындықтар кездесті?

— Қиындық өте көп болды. Оның бәрін тізіп айтып шығу да оңай емес. Кейбірін елге айтып, жария етудің де қажеті жоқ шығар. Оларды бір Құдай, қасымдағы көмекшім Бану және мен ғана білеміз.

Сырт көзге сахна жарқырап, ақындар өлең оқып, көрермен қол соғып отырғаны ғана көрінеді. Ал сол кештің сыртында қаншама жұмыс жатыр. Ақындарды шақыру, олардың жол жүруін ұйымдастыру, жатын орнын қарастыру, сахнаны дайындау, техникалық топпен келісу, уақытты үйлестіру, билет сату, жарнама жасау — мұның бәрі қыруар еңбекті қажет етеді.

Кейде біреуін шешсең, екіншісі кездесіп қалады. Бір ақынның билеті өзгеруі мүмкін, бір техникалық құрал істен шығуы мүмкін, тіпті қаржы жетпей қалатын кездер болады. Алайда біз қиындықтың бәріне қарамастан, жобаны тоқтатпай, өткізуге тырысып келеміз. Өйткені бұл істі бастағаннан кейін орта жолда қалдыруға болмайды.

— Айтыс ақындарына қарағанда, жазба ақындар көбіне томаға-тұйық, көпшілік алдына шығып, көрінісі келмейді. Өлең жарысына қатысуға ниет білдіргендер көп болды ма?

— Иә, жазба ақындардың табиғаты айтыс ақындарынан өзгешелеу келеді. Олардың көбі тыныштықты, онашалықты жақсы көреді. Өлеңін жазып, оны кітапқа

жариялауы мүмкін, бірақ сахнаға шығып, көпшіліктің алдында сайысқа түсуге бірден келісе бермейді.

Жобаны бастар алдында Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкеновпен ақылдастық. Одан кейін одақтың өңірлердегі филиалдарының төрағаларымен кеңесіп, әр облыстан үш ақыннан іріктеп алдық.

Жоба басталғаннан бері әлеуметтік желілер арқылы жеке паракшама жазып жатқан адамдардың есебі жоқ. «Мөлдір өлеңге» қатысқымыз келеді, «Келесі кезеңге қалай өтініш береміз?» деп сұрап жатқандар өте көп. Бұл — жобаның ақындар арасында да, жалпы өлеңсүйер қауым арасында да қызығушылық тудыруының белгісі.

Биылғы қатысушылардың құрамы алдын ала жасакталып қойғандықтан, хабарласқан адамдардың бәріне келесі жылғы жобаға қатысуға өтініш беріңіздер деп айтып жатырмын. Бұйырса, келесі маусымда іріктеу ауқымын кеңейтіп, жаңа есімдерге де жол ашқымыз келеді. Қазақтың әр өңірінде көпке әлі таныла қоймаған, бірақ өлеңі мықты таланттар бар. Соларды елге таныстыру — жобаның маңызды міндеттерінің бірі.

— Жобаның демеушісі кім? YouTube арнасы арқылы түсетін қаражат шығындарыңызды өтеуге жете ме?

— Қазір жобаның негізгі демеушісі — өзім. YouTube арнасынан бізге әзірге ешқандай қаражат түспейді. Ол жерден пайда табу үшін белгілі бір деңгейге жетуіміз керек. Оқырман саны мыңнан асуы, қаралымы мен көрсетілім сағаты талапқа сай болуы қажет. Біз әзірге ондай деңгейге жете қойған жоқпыз.

Билеттен және дауыс беруден түскен қаражат сол күні өткізілген іс-шараның шығындарын жабуға жұмсалады. Жұрт сахнаның сыртындағы көптеген қызметті байқай бермеуі мүмкін. YouTube арқылы тікелей трансляция жасау керек, техникалық топ жұмыс істейді, сахна безендіріледі. Мобилограф, дыбыс режиссері, музыканттар мен ұйымдастыру тобы бар. Аппаратураны жалға алу, залдың ақысы, жарнама, ақындардың жол жүру билеті — бәрі қаражатты қажет етеді.

Мен кейде біреуге арнап өлең жазамын, кейде айтысқа қатысамын. Сол жерден тапқан табысымды осы жобаға құйып жүрмін. Яғни басқа еңбектен келген қаражат қайтадан «Мөлдір өлеңнің» қажетіне жұмсалады.

Әрине демеуші іздеп жатырмыз. Бірақ әзірге жобаға толық қолдау білдіретін азамат немесе компания табыла қойған жоқ. Қазақ поэзиясына, руханиятына жанашыр азаматтар табылады деген үміт бар. Өйткені бұл бір адамның жеке жобасы ғана емес, қазақтың сөз өнеріне қызмет ететін ортақ дүние деп есептеймін.

ның сөзге деген жауапкершілігі, тосын жағдайда өлең құрай білуі, өзге ақынның шығармасын жүрекпен жеткізуі, қарсылашымен шығармашылық үндестік табуы сыналады. Сондықтан әрбір кезеңнің өзіндік салмағы мен ерекшелігі бар.

— Бәйге болған соң оның жүлдесі де болуы керек. Жекелеген азаматтар жобаға қолдау көрсетіп, көңілден шығатын сый ұсынады деп ойлайсыз ба?

— Ұсынатын шығар деп үміттенемін. Қазақтың мәрт, өнерге жанашыр азаматтары көп қой. Бастапқыда жобаға қатысқан әр ақынға 100 мың теңгеден береміз деп уәде еткен едік. Алайда әзірге қатысушыларға дипломнан басқа ештеңе бере алмадық.

Жалпы, 60 ақынға 100 мың теңгеден беру үшін алты миллион теңге қажет. Бұл ақшаны табуға 10 немесе 20 азамат бірігіп көмектессе де, мәселені шешуге болар еді.

Қазірдің өзінде кейбір ақындарға қарызбын. «Уәде етілген 100 мың теңгені қашан бересіз?» деп сұрап жатқандар бар. Оларды да түсінемін. Ақынның еңбегі бағалануы керек. Сондықтан уәдемізді орындау — менің мойнымдағы жауапкершілік.

Бұдан бөлек, жүлделі орындарға да қомақты сыйақы бергіміз келеді. Бірінші орынға — үш миллион, екінші орынға — екі миллион, үшінші орынға бір миллион теңге ұсынуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ жоба барысында ерекше көзге түскен ақындарға арнайы жүлделер тағайындағым келеді. Бұл ақындарға рухани қолдау ғана емес, олардың еңбегін материалдық тұрғыдан бағалау болар еді.

— Бұл жоба келешекте де жалғасын таба ма, әлде бір маусымдық іс-шара ретінде қала ма?

— Бұл жоба міндетті түрде жалғасын табады деп үміттенемін. Алла маған қуат берсе, денсаулығым мен мүмкіндігім жетсе, қаржы табылса, «Мөлдір өлеңді» жалғастыра бергім келеді.

Бұл бір мезгілдік іс-шара болып қалмауы керек. Оның жыл сайын өтетін, ақындар асыға күтетін, көрермен арнайы іздеп келетін үлкен поэзия мерекесіне айналғанын қалаймын. Бүгінде жобаға деген қызығушылықтың артып келе жатқаны байқалады. Әлеуметтік желілерде өлеңдер талқыланып, көрермендер өздеріне ұнаған ақындарға дауыс беріп жатыр. Мұның өзі жобаның болашағы бар екенін көрсетеді.

Біз жеңімпазға арнайы ауыспалы мүсінше табыстауды жоспарлағанбыз. Ол 100 грамм алтыннан және үш қарат бриллиантпен көмкеріліп жасалады деген ой бар. Осы жөнінде зергерлік үймен келісіп те қойдық. Енді жобаның соңына дейін осы мүсіншені жасатуға қолдау көрсететін бір мәрт азамат табылады деп сенеміз.


Оны ауыспалы мүсінше деп атауымыздың өзіндік мәні бар. Биыл жеңіске жеткен ақын оны өз облысына апарып, сол өңірдегі музейге қояды. Келесі жылы сол облыстың өкілі мүсіншені жаңа жеңімпазға табыстайды. Осылайша, ол жыл сайын бір өңірден екінші өңірге көшіп, қазақ поэзиясының тұтастығын, ақындардың рухани сабақтастығын білдіріп тұрады.

Бұл мүсінше жай ғана бағалы бұйым болмауы керек. Ол — поэзияның тәжі, ақындық рухтың нышаны, қазақ өлеңінің мәртебесін айқындайтын символға айналса деймін. Бір облыстан екінші облысқа сапар шеккен сайын, елдің өлеңге деген құрметін арттырып, кейінгі буынға рух беретін құндылық болғанын қалаймыз.

«Мөлдір өлеңнің» түпкі мұраты да — осы. Ақындарды өзара жарыстыру ғана емес, ел ішінде өлеңге деген ықыласты күшейту, жаңа есімдерді таныту, қазақтың жүрегінде ұйықтап қалған қара өлеңді ояту. Осы мақсат орындалса, онда қиындық пен кедергінің бәрі артта қалар еді.

— Өңімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Гүлзина БЕКТАС



— «Мөлдір өлең» жобасының жартылай финалы басталды. Алда әлі қанша кезең бар? Қорытынды сынға қанша команда шығады?

— Жартылай финал кезеңі алты аптаға созылады. Қазір соның алғашқы кездесулері басталды. Әр апта сайын командалар өзара сайысқа түсіп, ақындардың шығармашылық қабілеті әр қырынан сыналады.

Одан кейін үш аптаға созылатын финалдық кезең өтеді. Қорытынды кешке үш команда, яғни тоғыз ақын жолдама алады. Сол тоғыз ақын жоба бойы жинаған тәжірибесін, ақындық шеберлігін, сахнадағы тапқырлығы мен өлеңдегі қуатын соңғысында көрсетуге тиіс.

Бұл жоба жай ғана дайын өлеңді жатқа оқып шығатын байқау емес. Мұнда ақын-

КӨКЕЙКЕСТІ

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Елімізде жастар сленгі қолданыс аясының күшеюі бір күнде қалыптасқан жоқ, ол бірнеше кезеңде дамыды. Алғашқы кезең 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басы еді. Сол кездерде тілімізге шет тілінен сөздер ене бастады. Бұл кезде Қазақстанда интернет, компьютерлік технология дами келе, шетелдік фильмдер көптеп жарық көріп, орыс, ағылшын тілінің қолданысы артты. Осыған байланысты сол уақытта «супер», «реально», «лажа», «аська» немесе «жесть» сияқты орыс тілінен енген сөздер ауыз-екі тілде жиі кездесті. Кейінірек, 2010 жылдардан бастап біртіндеп ағылшынша сөздер қолданысқа ене бастады. Мысалы, «селфи», «фолловер», «хайп», «вайб» деп кете береді.

Замандасымыз Айғаным Нұрланнның айтуынша, бүгінде жас буын сленгтерді жиі қолданады әрі мағынасын айтпаса да, түсінеді.

— Жалпы, жастардың сленг қолдануына қарсы емеспін. Өзім де күнделікті өмірде «кринж», «краш», «инсайт», «месседж», «дедлайн» сияқты сөздерді қолданамын. Себебі кейбір сөздер қазіргі кезде бізге қызық әрі ыңғайлы болып көрінеді, кейде

Түрленген тіл, ТОЛЫҚҚАН ТҮСІНІК

Адамзат дамыған сайын оның тілі де жаңарып, жаңа ұғымдармен толығып отыратыны байқалады. Бұл үрдістен қазақ тілі де қалыс қалған емес. Бүгінде жастардың күнделікті сөйлеуінде жиі кездесетін сленг сөздер де — осы өзгерістің бір көрінісі. Интернет, әлеуметтік желі және жаһандық мәдениет әсерінен пайда болған жаңа сөздер жастар арасында тез тарап, тіл қолданысының бір бөлігіне айналды.



ұят немесе шектен шыққанын айту үшін қолданылады. «Кринж» — белгілі бір заттан ұялу, ыңғайсыздану немесе «ұят екен» деген сезімді жеткізетін сленг. Мысалы, «Оның видеосы кринж болды» деген сөйлем «Оның видеосын көріп ұялып

мәдениет арқылы жүзеге асады. Мәселен, екіншісі айтып жүрген «вайб», «муд» немесе «рофл» деген секілді сөздер пандемия кезінде TikTok желісінде алғаш қолданылып, жасөспірімдер арасында тез тараған болатын. Кейіпкеріміз осыған

сленгтердің орнына ана тілімізде бар сөздерді көбірек қолданар едік. Бірақ бұл жауапкершілікті тек контент жасаушыларға ғана жүктемеу керек. Өзіміз де жаңа сөздерді қолданып, оларды күнделікті тілімізге енгізуге тырысуымыз қажет. Тек ортақ әрекет арқылы ғана бұл мәселенің шешімін таба аламыз, — дейді Айғаным Нұрлан.

Кейіпкеріміз айтып өткендей, ағылшын сленгтеріне қазакша мағына беріп және қазакша сленгтерді әлеуметтік желілерде көпке танытатын saua-shine_edu, qazaqgramma сияқты контент-креаторлар бар. Олар көбіне қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен тіркестерді түсіндіріп, оның кең таралуына ықпал етеді. Осындай контенттердің арқасында жастар арасында қазақша жаңа қолданыстар да қалыптасып келеді. Мысалы, «маскара», «шайкас», «от болып тұр» сияқты сөздер бастапқы мағынасынан бөлек, эмоцияны күшейту мақсатында қолданылады. «Маскара дайындық болып жатыр» дегенде, бұл жаман жағдайды емес, керісінше, өте қызу, белсенді дайындықты білдіреді. Ал «шайкас би болып жатыр» деп жан-тәнімен билеу жайлы айтамыз. «Мына ән от

болып тұр» немесе «оның образы от екен» деп жастар әдетте қандай да бір затқа, құбылысқа жоғары баға беріп жатады.

Сонымен қатар сленг сөздердің мағынасын тек жағымды немесе жағымсыз құбылыс ретінде бағалау дұрыс емес. Оның қолдану мақсаты, контексті және қоғамдағы орны үлкен рөл атқарады. Осыған байланысты филолог маман Сая Тілекқызы бұл мәселе туралы пікір білдірді.

— Сленгтерге біржақты жақсы немесе жаман құбылыс деп қарауға болмайды. Тіл үнемі өзгеріп, қоғамдағы жаңа құбылыстарға бейімделіп отырады. Жастардың «дедлайн», «тренд», «инсайт» сияқты сөздерді қолдануы да қазіргі ақпараттық орта мен әлеуметтік желілердің әсерінен пайда болған тілдік өзгерістердің бірі деп ойлаймын.

Алайда кез келген сөздің өз орны бар. Күнделікті қарым-қатынаста мұндай қолданыстар қалыпты болғанымен, ресми немесе ғылыми ортада әдеби тіл нормасын сақтау керек. Кейбір жаңа сөздер уақыт өте келе қолданыстан шығып қалуы мүмкін, ал кейбірі тілде тұрақтап, жаңа мағынаға ие болады. Сондықтан сленгтерді тек тілдің бұзылуы деп емес, тілдің дамуының бір бөлігі ретінде қарастырған дұрыс, — дейді Сая Тілекқызы.

Маманның пікірінен байқағанымыз, сленгті тек тілдің бұзылуы немесе жастардың дұрыс сөйлемейтінін белгісі деп қабылдау — тек біржақты көзқарас. Себебі тіл үнемі қоғаммен бірге өзгеріп, жаңа кезеңнің ерекшеліктерін танытады. Бүгінде жастар қолданып жүрген көптеген сөз интернет, әлеуметтік желі және мәдени ықпал әсерінен пайда болғанымен, олардың әрқайсысының өз қолданыс аясы бар. Сондықтан сленгті қолдану кезінде жағдай мен ортаға мән беру маңызды. Түйіндесек, жастар сленгі — қазіргі тіл дамуының бір бөлігі, ал оның болашағы қай сөздердің қоғамға қаншалықты сіңіп, тұрақты қолданысқа енуіне байланысты.

Нұрай ТІЛЕК,
ЕҰУ-дың
2-курс студенті



Жалпы, сленгтің қолданысқа енуі әлеуметтік желілер мен поп-мәдениет арқылы жүзеге асады. Мәселен, екіншісі айтып жүрген «вайб», «муд» немесе «рофл» деген секілді сөздер пандемия кезінде TikTok желісінде алғаш қолданылып, жасөспірімдер арасында тез тараған болатын. Кейіпкеріміз осыған байланысты пікірін білдірді.

ойды қысқа әрі нақты жеткізуге көмектеседі. Әсіресе жастар арасында мұндай сөздер бір-бірімізді түсінудің, ортақ тіл табысудың бір бөлігіне айналып кетті деп ойлаймын, — дейді Айғаным.

Ал ендігі кезекте ағылшын тілінен енген сленгтердің мағынасын қысқаша айта кетейік. «Краш» ағылшын тілінен аударғанда, «ғашық болу» дегенді білдіреді. Дегенмен түпнұсқадағы to crush сөзінің тура мағынасы «жаншу, езу, қирату» дегенді білдіреді. Бірақ қазір осы қолданыстың сленг ретінде мәні өзгерген. Жастар бұл сөзді көбіне ұнатып жүрген адамының атын атамай, сол жайлы әңгіме айтқан кезде жиі қолданады. «Треш» ағылшын тілінен «қоқыс» деген мағына береді. Бұл бір нәрсенің өте нашар, абсурд,

кеттім» деген мағына береді. Келесі, «дедлайн» сөзін оқуда, жұмыста жиі қолданамыз. Бұл сленгтің тікелей аудармасы «өлім сызығы» болса да, өмірде жұмысты, тапсырманы немесе жобаны аяқтайтын «соңғы мерзім» деген мағынада айтамыз.

Сонымен қатар қазір сленгтердің кейбірі ресми түрде сөздіктерге де енген. Мысалы, Оксфорд сөздігіне заманауи мәдениет пен интернеттің әсерінен тараған selfie (2013), emoji (2013), troll (интернетте әдейі арандатушы адам, 2010 жылдары кең тараған), binge-watch (сериалдарды қатарынан көп көру, 2014), ghosting (адаммен байланысын түсіндірмей тоқтау, 2010 жылдары танымал болған) сияқты сөздер енгізілді.

Жалпы, сленгтің қолданысқа енуі әлеуметтік желілер мен поп-

байланысты пікірін білдірді.

— Менің ойымша, сленгтің кең таралуының негізгі себебінің бірі — сапалы қазақша контенттің аздығы. Жастар көбінесе ағылшын немесе орыс тіліндегі блогерлерді көреді, сол арқылы олардың сөйлеу мәнерін қабылдайды. Ал қазақ тіліндегі контент бар болған күннің өзінде, өкінішке қарай, кейде үлкен аудиторияға жететін сапалы әрі мағыналы дүниелер аз кездеседі деп ойлаймын.

Жақында филолог, блогер Арын Құнанбайұлының әлеуметтік паракшасына жазылды. Ол өз контентінде ағылшын сленгтерінің қазақша баламасын түсіндіріп, жастарға қызықты форматта жеткізеді. Осындай пайдалы әрі сапалы контент көбейсе, бәлкім біз де шетелдік



8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

ОРАЛДА ЗАМАНАУИ КӨЛІК ХАБЫ АШЫЛДЫ

Теміржол вокзалы – қалаға келген мыңдаған жолаушының ең алдымен көзге түсетін нысаны. Енді Орал қаласындағы вокзал ғимараты да жаңартылып, халықаралық стандарттар мен қауіпсіздік талаптарына сай заманауи кешенге айналды. Ауқымды жаңғырту жұмыстары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдің көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында атқарылды. Соның арқасында өңір тұрғындары мен жолаушыларға жаңа мүмкіндік туды.

Жаңартылған вокзалдың ашылу салтанаты Теміржолшылар күніне орай ұйымдастырылды. Іс-шараға Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының басшылығы, сала ардагерлері мен өңір тұрғындары қатысты.

Вокзал ғимараты осыдан 40 жылдан астам уақыт бұрын салынған еді. Сол кемшіліктің бәрі реттеліп, инженерлік желілер, шатыр, қасбет, ішкі бөлмелер мен вокзал аумағы түгелдей жаңартылды. Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиевтің айтуынша, өңірдегі теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары ауқымды мемлекеттік бағдарламалар аясында жүргізілуде.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің көлік-логистикалық инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының тапсырысымен 2025 жылы облысымызда төрт теміржол вокзалын қайта жаңғырту жобасы жүзеге асырылды. Семіглавий Мар және Шыңғырлау стансаларындағы вокзалдар



жаңадан салынса, Орал мен Ақсай вокзалдары күрделі реконструкциядан өтті. Бұл жұмыстарға республикалық және жергілікті бюджеттерден 7,6 миллиард теңге бөлінді. Бүгінде барлық жұмыс толық аяқталып, жаңартылған Орал вокзалы өңір тұрғындарының игілігіне қызмет ете бастады, — деді облыс әкімі.

Кешенді реконструкция барысында вокзал кешенінің барлық дерлік бөлігі жаңартылды. Сыртқы

және ішкі инженерлік коммуникациялар, жылу, электр және су бұру жүйелері толық ауыстырылып, энергия үнемдейтін заманауи материалдар қолданылды. Ғимараттың қасбеті мен ішкі кеңістігі жаңартылып, қауіпсіздік пен қолжетімділік мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ құрылыс жөніндегі басқарушы директоры Марат Искалиевтің айтуынша, жобалау барысында



көлік инфрақұрылымына қойылатын халықаралық талаптар ескерілген.

— Ғимаратты бөлшектегеннен кейін іс жүзінде тек іргетасы мен қаңқасы ғана қалды. Барлық инженерлік желілер, шатыр және тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері заманауи технологиялар мен материалдарды пайдалана отырып қайта салынды. Ана мен бала бөлмелері жабдықталды, мүмкіндігі шектеулі және жүріп-тұруы қиын азаматтарға қолайлы кедергісіз орта жасалды. Ең маңызды жаңалықтардың бірі — бұрын болмаған заманауи жерүсті конкурсының салынуы. Енді жолаушылар теміржол рельсін кесіп өтпей-ақ платформалар арасында қауіпсіз қатынай алады, — деді ол.

Жаңартылған вокзалдың басты артықшылықтарының бірі — жолаушыларға жасалған жайлы жағдай. Мұнда кен қуру залдары, заманауи ақпараттық таблолар мен навигациялық жүйелер орнатылған. Сондай-ақ төрт эскалатор мен үш лифт пайдалануға берілді. Конкурстың салынуы платформаларға шығуды бұрынғыдан әлдеқайда ыңғайлы әрі қауіпсіз етті.

Теміржол инфрақұрылымын дамыту жолаушылар ағынының артуымен де сабақтас. Егер осыдан бес жыл бұрын Орал вокзалы ар-

қылы тәулігіне 800-900 адам өтсе, бүгінде бұл көрсеткіш мыңнан асты.

Қазір Орал қаласы арқылы бір халықаралық және үш облысаралық бағыт бойынша тұрақты пойыз қатынайды. Сонымен қатар ауылдық елді мекендердің көлік қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін екі облысшілік теміржол бағыты жұмыс істейді. 2026 жылдың басынан бері теміржол көлігінің қызметін шамамен 270 мың жолаушы пайдаланса, жүк тасымалының көлемі 2,8 миллион тоннаны құрады.

Бүгінде облыстың теміржол желісіне 25 станса мен разъезд кіреді. Теміржол жолдарының жалпы ұзындығы 318 шақырымды құрайды. Сонымен қатар саланы одан әрі дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Перспективалық жобалардың қатарында Индер — Орал теміржол желісін салу, вагон паркін ұлғайту және маршруттар желісін кеңейту мәселелері қарастырылуда. Қорыта айтқанда, жаңартылған теміржол вокзалы тек заманауи көлік нысаны ғана емес. Ол — Орал қаласының жаңа келбеті мен өңірдің айшықты визит картасына айналған маңызды инфрақұрылымдық кешен.

Аида ҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

ШАХМАТ БӘЙГЕСІ: ҮЗДІК СЕГІЗДІК АНЫҚТАЛДЫ

Алматыда өтіп жатқан университеттер арасындағы шахматтан командалық әлем чемпионатының топтық кезеңі аяқталды. Үш күнге созылған кезең қорытындысы бойынша 16 команданың арасынан үздік нәтиже көрсеткен сегіз ұжым енді жарысты плей-офф кезеңінде жалғастырады. Олардың қатарында Қазақстан атынан сынға түскен Қазақ ұлттық спорт университетінің командасы да бар.

Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Топтық кезеңде командалар төрт тактада бақ сынап, әрқайсысы алты матч өткізді. Ойындар 45+30 уақыт бақылауы бойынша өтті. Әр топтың қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен екі команда келесі кезеңге жолдама алды.

А тобында ширек финалға шығатын командалар мерзімінен бұрын белгілі болды. Орал мемлекеттік тау-кен университеті топтағы алты кездесудің барлығында жеңіске жетіп, командалар арасында көш бастады. Олар 12 командалық және 22 жеке ұпай жинап, топтағы абсолютті нәтижеге қол жеткізді. Екінші жолдама Harvard University командасына бұйырды. Америкалық университет өкілдері 7 командалық және 12,5 жеке ұпай еншіледі. Ал University of Melbourne мен Peking University жарыс жолын осы кезеңде аяқтады.



В тобындағы тартысты додада Webster University командасы турнирді толық құраммен өткізе алмады. Ұжым барлық кездесуге үш ойыншымен шығып, әр матчты қарсыласынан бір ұпай кем бастап отырды. Соған қарамастан, команда 5 командалық ұпай жинап, Universidad de Chile-мен тең нәтиже көрсетті. Алайда жеке көр-

сеткіштер бойынша чилилік команда басым түсіп, плей-оффқа жолдама алды. Ал алғашқы орынды Saint Louis University айқын басымдықпен иеленді. Команда жеке есепте мүмкін болған 24 ұпайдан 22,5-ін еншіледі.

С тобында University of Texas at Dallas топтық кезеңді мінсіз нәтижемен аяқтады. Алты кездесудің



барлығында жеңіске жеткен америкалық команда 12 командалық және 19 жеке ұпай жинап, көш бастады. Екінші жолдама 8 командалық ұпай еншілеген National Technical University of Athens командасына берілді. Қазақстандық AlmaU командасы 3 ұпаймен үшінші орынға тұрақтап, жарыс жолынан шығып қалды. Ал Cambridge University төртінші орынға тұрақтады.

Ал D тобының қорытындысы бойынша, Қазақ ұлттық спорт университетінің командасы алты кездесудің бесеуінде жеңіске жетіп, бір матчты тең аяқтады. Осылайша, қазақстандық команда қатысушылар арасында көш бастады. KNUS қоржынында жалпы 11 командалық және 19 жеке ұпай бар. Топтық кезеңнің соңғы туры қазақстандық екі команданың өзара тартысына ұласты. KNUS студенттері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ командасымен өткізген екі кездесудің екеуінде де басым түсті. Алғашқы матч 3,5:0,5 есебімен аяқ-

талса, екінші кездесуде спорт университетінің командасы 3:1 есебімен жеңіске жетті. D тобында екінші орынға 7 командалық ұпай жинаған индонезиялық Universitas Gunadarma, ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 6 ұпаймен үшінші орынға жайғасты. Oxford University төртінші орынға табан тіреді.

Енді әлем чемпионатының жеңіске жету жолындағы шешуші ойындары басталады. 7 тамызда ширек финалдық кездесулер өткізіліп, турнирдің жартылай финалына шығатын төрттік анықталады. Бұл кезеңде Қазақ ұлттық спорт университеті National Technical University of Athens командасымен кездеседі. Жартылай финалдық матчтар 8 тамызға, ал чемпион мен жүлдегерлерді анықтайтын финалдық бәсеке 9 тамызға жоспарланған. Қазақстандық командаға әлем чемпионатының жүлдесіне таласатын финалистер қатарынан көрінуі үшін екі кездесуде жеңіске жету қажет.

СЕРПІН

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қоршаған ортаның тазалығы, жасыл желектің көбеюі, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану және қоғамның экологиялық санасын қалыптастыру – тұрақты дамудың негізгі талабының бірі. Осы мақсатта Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы еліміздің барлық өңірінде кең қолдау тауып, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жаңа қоғамдық мәдениетті қалыптастыруға жол ашты. Бүгінде бұл бастама қарапайым сенбіліктер аясынан асып, мемлекеттік мекемелерді, коммуналдық қызметтерді, жастар ұйымдарын, еріктілерді, қоғамдық бірлестіктерді және тұрғындарды біріктіретін ауқымды экологиялық қозғалысқа айналып отыр. Оның жарқын үлгісі ретінде Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан жұмыстарды атауға болады.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ –



А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

**ЖАСЫЛ КАЛАНЫ
КАЛЫПТАСТЫРУ –
ҮЗДІКСІЗ ҮРДІС**

Шымкент – еліміздегі қарқынды дамып келе жатқан мегаполистің бірі. Қала халқының көбеюі мен инфрақұрылымның кеңеюі қоршаған ортаны қорғау мәселесіне ерекше жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Осыған байланысты қалада «Таза Қазақстан»

ҰЛТТЫҢ
ЖАҢА ӨМІР САЛТЫ

Жалпы аумағы 12 гектарды құрайтын тұқымбақта қала көшелерін, саябақтарды, гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктерді көгалдандыруға арналған түрлі ағаш және бұта көшеттері өсіріледі. Күн сайын ондаған маман жасыл қорды көбейту жолында еңбек етеді. Осы көшеттер кейін Шымкенттің әр ауданындағы саябақтар мен демалыс орындарына отырғызылып, қаланың экологиялық әлеуетін арттыруға қызмет етеді. Жасыл қорды ұлғайту – климаттың өзгеруі жағдайында ерекше маңызды міндеттің бірі. Ағаштар ауадағы көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегі бөліп шығарады, жазғы аптап ыстықты азайтады, шаң-тозаңның таралуын төмендетеді

Кездесуге құқық қорғау органдарының, прокуратураның және экологиялық қызметтердің өкілдері қатысып, қоғамдағы тазалық мәдениеті мен қоғамдық тәртіптің өзара байланысына тоқталды. Олар қоршаған ортаға ұқыпты қарау тек коммуналдық қызметтердің міндеті емес, әр азаматтың өмірлік ұстанымына айналуы қажет екенін атап өтті. Кездесуден кейін еріктілер Қазақстан халқы Ассамблеясы ғимаратының аумағы мен Абай атындағы саябақта тазалық жұмыстарын жүргізіп, қоғамдық орындарды қоқыстан тазартты, жаяу жүргіншілер жолын ретке келтіріп, жасыл аймақтарды күтіп-баптауға үлес қосты.

**ҚОҒАМДЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ
ЖАҢА ҮЛГІСІ**

Экологиялық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Ол үздіксіз ағарту жұмысын, азаматтардың белсенді қатысуын және ортақ жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан «Таза Қазақстан» бағдарламасы тек тазалық акцияларын өткізумен шектелмейді. Оның басты мақсаты – табиғатты қорғауды қоғамдық құндылыққа айналдыру. Кейінгі жылдары экология мәселесі бүкіл әлемде мемлекеттік саясаттың маңызды бағытына айналды. Қазақстан да бұл үдерістен шет қалған жоқ. Қалаларды көгалдандыру, су ресурстарын ұтымды пайдалану, тұрмыстық қалдықтарды басқару, атмосфералық ауаны қорғау және халықтың экологиялық сауаттылығын арттыру бағытындағы жұмыстар өзара сабақтас жүргізілуде.

Шымкентте қолға алынған жұмыстар осы кешенді саясаттың нақты көрінісі болып отыр. Коммуналдық қызметкерлердің күнделікті еңбегі, жастардың еріктілік бастамалары және тұрғындардың белсенділігі бір арнаға тоғысып, қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік беруде. Таза көше, жасыл саябақ, абаттандырылған қоғамдық кеңістік – бұл жай

Экологиялық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Ол үздіксіз ағарту жұмыстарын, азаматтардың белсенді қатысуын және ортақ жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан «Таза Қазақстан» бағдарламасы тек тазалық акцияларын өткізумен шектелмейді.

ғана көркем көрініс емес. Ол – тұрғындардың денсаулығына, өмір сүру сапасына және қоршаған ортаға деген көзқарасына тікелей әсер ететін маңызды фактор.

Шымкент қаласында жүзеге асырылып жатқан жұмыстар көрсеткендей, қоршаған ортаны қорғау – үздіксіз еңбекті, қоғамдық бірлікті және жоғары жауапкершілікті қажет ететін ортақ міндет. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қаланың жасыл желек қоры көбейіп, экологиялық ахуалы жақсарып, тұрғындар үшін қолайлы әрі жайлы өмір сүру кеңістігі қалыптасып келеді. Бұл – «Таза Қазақстан» бағдарламасының нақты нәтижесі ғана емес, елдегі экологиялық мәдениеттің жаңа кезеңге көтеріліп келе жатқанын айғақтайтын маңызды үрдіс.



бағдарламасы аясындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Жуырда қаланың Орманшы тұрғын алабындағы «Тұқымбақ» аумағында кең көлемді экологиялық акция ұйымдастырылды. Сенбілікке қаланың бес ауданынан келген коммуналдық мекемелердің 100-ден астам қызметкері қатысып, жасыл аймақты күтіп-баптау жұмыстарына белсенді атсалысты.

Іс-шара барысында шөп шабылып, ағаштардың қураған және артық бұтақтары кесілді, арамшөптер тазартылып, көшеттер өсетін алқаптар ретке келтірілді. Мұндай жұмыстар көшеттердің сапалы өсуіне жағдай жасап қана қоймай, алдағы күзгі ағаш отырғызу науқанына тың дайындық жүргізуге мүмкіндік береді. Мамандардың айтуынша, тұқымбақтағы еңбек маусымдық емес. Мұнда жыл бойы көшеттерді өсіру, суару, топырақты қопсыту, зиянкестерден қорғау және оларды күтіп-баптау жұмыстары үздіксіз атқарылады.

және қала тұрғындары үшін қолайлы микроклимат қалыптастырады.

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ
ЖАСТАРДАН БАСТАЛАДЫ**

«Таза Қазақстан» бағдарламасының басты ерекшелігі – оның қоғамның барлық буынын қамтуында. Әсіресе жастардың белсенділігі ерекше назар аудартады. Шымкент қалалық Жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған кезекті акцияға 14 пен 35 жас аралығындағы 40 ерікті қатысты. Олардың қатарында мектеп оқушылары, колледж студенттері, жоғары оқу орындарының білім алушылары, жас мамандар және қоғамдық ұйымдардың белсенділері болды. Акция алдында жастармен арнайы кездесу өткізіліп, қоршаған ортаны қорғаудың маңызы, табиғатты аялаудың әлеуметтік жауапкершілікпен байланысы және азаматтық белсенділіктің рөлі жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



SPORT STYLE

8 ТАМЫЗ 2026 | СЕНБІ

Бозкілемде ел намысын арқалаған әр буын өз жеңісімен ұлттық мектептің беделін биіктетіп келеді. Бұл жолы сол абыройлы жолды жас балуандар лайықты жалғады. Әзербайжан астанасы Бакуде өткен 17 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы күрестен әлем чемпионаты Қазақстан құрамасы үшін табысты аяқталды. Грек-рим, еркін және әйелдер күресінің жиынтық нәтижесі бойынша еліміздің жасөспірімдер құрамасы 225 ұпай жинап, жалпыкомандалық есепте әлемнің үздік бес күрес державасының қатарына енді.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Жалпы командалық есеп нәтижесі бойынша 305 ұпай жинаған Ресей құрамасы көш бастады. 294 ұпай еншілеген АҚШ екінші орынға жайғасса, 250 ұпаймен Үндістан үздік үштікті түйіндеді. Иран құрамасы 231 ұпаймен төртінші сатыдан көрінді. Ал Қазақстан құрамасы 225 ұпай жинап, бесінші орынға ие болды. Осы нәтижемен отандастарымыз Әзербайжан, Украина, Жапония, Әзербайжан және Түркия балуандарын артта қалдырды. Бұл көрсеткіштің салмағы бөлек. Қазақстан тек әлемдік үздік бестікке еніп қана қоймай, Азия құрлығындағы үздік үш құраманың бірі атанды. Құрлық елдері арасында біздің команда Үндістан мен Ираннан кейін үшінші нәтиже көрсетсе, Орталық Азия мемлекеттері ішінде көш бастады.

БОЗКІЛЕМДЕГІ ҚОС БІРІНШІЛІК

Қазақстан балуандары жалпы 8 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 2 алтын, 2 күміс және 4 қола жүлде бар. Дияр Аманәлі грек-рим кү-



Қазақстан құрамасының алғашқы алтынын Дияр Аманәлі сыйлады. 55 келіге дейінгі салмақта сынға түскен грек-рим күресінің өкілі финалға дейін төрт қарсыласын жолдан шығарды. Ол іріктеу кезеңінде Грекия балуанын 8:0 есебімен ұтып, кейін Ресей және Грузия спортшыларынан сәйкесінше 3:1 және 2:1 есебімен басым түсті. Жартылай финалда болгариялық Данимир Йордановты 8:1 есебімен жеңіп, шешуші белдесуге жоллама алды.

Алтын медаль үшін өткен кездесуде Дияр Венгрия өкілі Кеве Вазул Ковачпен белдесті. Тартысты өткен финал 1:1 есебімен аяқталды. Алайда алғашқы жетпіс



десуді жоғары қарқында бастап, қарсыласына мүмкіндік берген жоқ. Есеп 10:0-ге жеткен сәтте белдесу техникалық басымдықпен мерзімінен бұрын аяқталды. Осылайша, Бақдәулет Ағабек әлем чемпионы атанды.

Бұл жеңістің тарихи мәні бар. Қазақстан еркін күрестен U17 әлем чемпионатында 2022 жылдан бері алтын жүлде ала алмай келген еді. Бақдәулет Ағабек осы үзіліске нүкте қойды. Бір

талып, оның бірі күміс медальға айналды. Былтыр Афинада өткен әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы бір алтын, екі күміс және жеті қола медаль еншілеген еді. Ал биыл Бакуде алтын жүлде саны екеуге жетіп, финалға шыққан қазақстандық балуандар қатары көбейді. Бұдан медаль саны ғана емес, жүлде сапасының да артқанын байқауымыз керек. Жалпыкомандалық есептегі бесінші орын да осы тұрақты өсімнің

Бестікке

енген

БАЛУАНДАР



әрекет қазақстандық балуанның еншісінде болғандықтан, UWW ережесіне сәйкес жеңіс Дияр Аманәліге берілді. Осылайша, ол Қазақстан құрамасының Бакудегі алғашқы әлем чемпионы атанды.

Екінші алтын еркін күрестен салмақта белдескен Бақдәулет Ағабек турнирде бес кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. Ол алғашқы айналымда Тәжікстан өкілі Муслихиддин Ходжиевті 10:0 есебімен ұтса, 1/8 финалда Болгария балуаны Эмир Джеватовты дәл осындай есеппен мерзімінен бұрын жеңді. Ширек финалда Монғолия өкілі Тэмүүлэн Усуббаярды небәрі 36 секундта 10:0 есебімен ұтып, жартылай финалда өзбекстандық Фаррух Махмудовтан 7:3 есебімен басым түсті. Финалда Бақдәулет Үндістан балуаны Аарьянмен кездесті. Қазақстандық спортшы шешуші бел-

жыл бұрын әлем біріншілігін бесінші орынмен аяқтаған жас балуан биыл жаңа салмақта барлық қарсыласын жеңіп, чемпиондық деңгейге көтерілді.

ЖҮЙЕЛІ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ЖЕМІСІ

Биылғы нәтиже Қазақстан жасөспірімдер құрамасының барлық күрес түрінде бәсекеге қабілетті екенін көрсетті. Грек-рим күресінің өкілдері бір алтын, бір күміс және бір қола медаль жеңіп алып, жүлденің үш түрінен де нәтиже көрсетті. Еркін күресте былтырғы үш қола жүлденің орнына биыл бір алтын мен екі қола бұйырды. Әйелдер күресінде екі жүлделік көрсеткіш сақ-

айқын дәлелі. Әсіресе үш күрес түрінің жиынтық нәтижесінде үздік бестікке ену Қазақстан күресінің жас буынында әлеует жоғары екенін байқатты.

Қазақстан күрес федерациясының басты бағыттарының бірі — жас балуандардың дайындығын күшейту, олардың әлеуетін толық ашу және халықаралық аренадағы бәсекеге қабілетін арттыру. Федерация мәліметінше, ұлттық құраманың халықаралық додаларға сапалы дайындалуына тұрақты қолдау көрсетіліп келеді. U17 әлем чемпионаты аясында да оқу-жаттығу жиындарын өткізуге, медициналық қолдауға және спортшыларға қажетті жағдай жасауға басымдық берілді.

Бакудегі әлем чемпионаты Қазақстан жасөспірімдер құрамасының әлемдік бозкілемдегі орны нығайып келе жатқанын айқын көрсетті. Ендігі міндет — осы қарқынды сақтап, алтынға таласатын салмақ қатарын көбейту.

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербасқат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Бәни ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4773
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,